№24 (309).
31 тамыз,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен
жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



ҚҰРЫЛТАЙ МИЛЛИ МӘЖІЛІСПЕН БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ НИЕТТІ

ШЫҰ саммиті аясында өткен кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевке Қазақстандағы ауқымды саяси реформалар мен алғашқы бір палаталы Құрылтай сайлауының нәтижесі жөнінде әңгімеледі. Мемлекет басшысы елдің саяси өміріндегі аталған тарихи уақиға жан-жақты жаңғыру жолындағы маңызды кезең саналатынын атап өтті.

Президент Құрылтай сайлауының өтуіне байланысты білдірген жылы лебізі, сондай-ақ Әзербайжан өкілдерінің байқаушылар миссиясы құрамындағы белсенділігі үшін Ильхам Әлиевке алғыс айтты.

– Еліміздің тарихында бұл сайлау тұңғыш рет халықаралық ұйымдар тарапынан бірауыздан оң бағаға ие болды. Құрылтай Әзербайжан Парламенті – Милли Мәжіліспен белсенді жұмыс істеуге ниетті. Мен өз тарапымнан осы бағыттағы ынтымақтастықты барынша қолдаймын. Мемлекетаралық қарым-қатынас ойдағыдай дамып келеді. Өзара ықпалдастыққа қатысты негізгі мәселелерді ұдайы назарда ұстаймын. Осы орайдағы байланыстарға көңіл толады. Бұл жетістіктің негізгі қозғаушы күші – мемлекеттер басшыларының ерік-жігері екені сөзсіз, – деді Президент.

Ильхам Әлиев Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың ауқымы мен мәнмаңызына тоқталды. Әзербайжан Президенті елдеріміз арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

– Шын мәнінде, қарым-қатынасымыз табысты ілгерілеп, одақтастық сипатқа ие болды. Күн өткен сайын нақты мазмұнмен толығып келеді. Құрылтай сайлауының табысты өтуі және Қазақстан халқының қолдауы Сіздің реформаларыңыз бен бастамаларыңызды қоғам дұрыс қабылдайтынын көрсетеді, – деді Ильхам Әлиев.

Әңгімелесу кезінде сауда-экономикалық, инвестициялық ықпалдастық мәселелері, сондай-ақ көлік, логистика, энергетика және цифрландыру сияқты түрлі саладағы бірлескен жобалардың жүзеге асырылу барысы қарастырылды.

Кездесу соңында тараптар алдағы халықаралық іс-шаралар кестесін талқылады.

Akorda.kz

АҚЫН МЕН ӘКІМ

(Эссе)

Ақыны іздесе әкімін,
Тұратын пәтері тар шығар.
Әкімі іздесе ақынын,
Өлеңнен хабары бар шығар.

(Журналистік фольклордан)



Әдетте ақын атаулы әкімқаралардан алты шақырым аулақ жүреді. Жалпы, осынау екі ұғым бір-бірімен онша үйлесе бермейді. Ақын деген – өлеңін өндірте жазып, өз бетінше тіршілік кешіп жатқан, адам баласына аса зияны жоқ пенде. Өз мінезі өзінде. Өз кейпі өлеңінде. Өз әлемін өбектейді. Өз қиялын өрбітеді. Әкім түгілі әкімдіктің де қайда екенін білмейді. Ал әкім деген – үнемі шаруашылық пен өндірістің арасында шапқылап, жанығып жүретін адам. Ол жақынын іздемесе, ақынын іздей қоймайды.

Баяғыда бір ауданға Алматы жақтан бес-алты ақын келіпті. Сірә, шығармашылық сапар болса керек. Оларды күтіп алып, бар жағдайын жасау аудан әкіміне тапсырылады. Еркіндіктің елшісіне айналған серілер мен перілер биліктің ырқына көне қоймай, үлкенді-кішілі бишікештердің әбден ығырын шығарып жіберсе керек. Сонда әлгі әкім үш-төрт күннен кейін: «Ойпырм-ай, мына бес-алты ақынды басқарғаннан аудан басқарған оңай екен ғой», – депті. Демек, әкімнің өзі ғайыптан тайып өлең жазатын адам болмаса, шайтан мінез шайырдың жан-дүниесін ұға қоймасы анық. О бастан басы ашық нәрсе: әкім мен ақынның басы бір қазанда қайнамайды.

Шаһризада шайыр да биліктегілерге көп үйірсектей бермейтін. Олардың да мұны жанына жақындатқысы кеп, емешесі құрып тұрғаны шамалы еді. Ертелі-кеш ширығып:

...күндейсің бе көктегі айды,
тілдейсің бе – оттама!
ақындарды соттамайды,
өлтіреді тек қана;

көр-лақатты қалғып құшып,
күзетіңдер мүрдесін –
құлпытастан қарғып түсіп,
қашып кетіп жүрмесін... –

деп өршеленіп өлең жазған адамды кім қасына жолатушы еді. Оның үстіне өзі баяғыда-ақ «Әкімнен атақ сұрап, есік бағып, Әркімдей жүгірмедім өшіп-талып», – деп мәселенің басын ашып алған болса, «Тарпаңдау, тұлпар тектес мінезім бар, Тұнықтан су ішетін кешіп барып», – деп психологиялық автопортретін кейіптеп, поэтикалық декларациясын жарияласа, жұрт білетін Шәки шайыр мен жергілікті билік бесігінің арасында қандай маңызды мәміле жүруі мүмкін деген екіұшты ойға кететініміз де рас.

6-бетте »



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ «AMERICAN DREAM» БАР МА?

2-бетте »

Біз үшеу едік

4-бетте »



ҚАЗАҚ САТИРАСЫ ӘЛЕМДІ ШАРЛАП ЖҮР



Қазақ сатирасының мүйізі қарағайдай сықақшыларының бірі – Мұхтар Шерім. Сатираның садағын мектепте оқып жүргеннен-ақ ерте асынып, ауыл-аймаққа танылып үлгерген жас қанат сықақшы арман қуып, Алматыға, ҚазМу-дың журналистика факультетіне оқуға түскен соң, сатира ауылына біржола бет бұрды. Алғашқы әзіл әңгімелері үшінші курста оқып жүріп-ақ, «Жібек желі» ұжымдық жинаққа жарияланып үлгерді. Кейін «Құдағи құшақтай береді» кітабы оқырманның ыстық ықыласына бөленді. Студент кезінде Мұхтар Шерім «көп томдықтарым шықса еді» деп армандайтын. Сол арманы орындалып, төрт том сатирасын жарыққа шығарды.

Армансыз адам жоқ шығар? «Қазақ сатирасында романдар жоқтың қасы. Осы олқылықты толтырсам» деген ниеті қабыл болып, бүгінде бес сатиралық роман жазып үлгерді. Сатириктің алғашқы сатиралық романы «Супер бетсіздер» деп аталады. Бұл роман қазақ әдебиетінің сатира жанрындағы үлкен құбылыс еді. Қазақстан Жазушылар одағының жылдық қорытындысында өзім баяндама жасап, Мұхтардың романының жетістіктерін талдап көрсеттім. Биыл «Ақылды ақымақтар» сатиралық романы да оқырмандарына жол тартты.

Ең басты айтпағым мынау: Мұхтар Шерім әлем әдебиетінде көріне бастады. Ол бұған дейін Италия, Америка, Косово, Үндістан, Норвегия, Қытай, Бангшладештің журналдары мен антологияларында әзіл әңгімелерімен көріне бастаса, биыл Пәкістаннан ағылшын тілінде «Адамға ұқсаған адам» атты сатиралық романы екі кітап болып жарық көрді. Сөйтіп қазақ сатирасы 1,5 миллион халқы бар Пәкістанды таңдандырса, бұл роман Америка, Ұлыбритания сияқты 20 елге жол тартты. Тағы бір қызықты жаңалық: Осы роман «Амазонка» сияқты ең беделді, ықпалды 15 платформада жарияланып, әлемді шарлай бастады.

Жетпіске жымиып қана жақындаған сықақшы бүгінде «Ізі жоқтың ізі» атты сатиралық романын жазу үстінде. Ал «Мейірімді тирандар» романы жақында Пәкістаннан жарық көрмек. Қазақ сатирасы дәл осылай бұрын-соңды әлемге танылған емес еді. Тіпті Пәкістанның бір ақыны, әрі дәрігері жоғарыда аталған роман туралы рецензия жазып, баспасөзде жариялады.

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

КОКПАР ДО И ПОСЛЕ «ВСЕМИРНЫХ ИГР КОЧЕВНИКОВ»



Корни любого явления уходят глубоко в прошлое, поэтому оценивать его поверхностно нельзя. Появившиеся около десяти лет назад в Кыргызстане «Игры кочевников» стали заметным явлением не только для тюркского мира, но и в более широком культурном контексте. Фактически они обозначили новую парадигму — превращение традиционных игр и культурных практик кочевой цивилизации в современные международные спортивные и культурные форматы.
На этом фоне особенно интересна судьба кокпара — одного из наиболее известных традиционных видов конного состязания.

8-бетте »

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ПЕН ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ САЙЛАНДЫ!

Бүгін Құрылтай Вице-президент пен Премьер-министрдің кандидатураларын мақұлдап, дауыс берді. Депутаттар жаңа Конституция арқылы алған өкілеттіктерін алғаш рет пайдаланды, деп хабарлайды Abai.kz.



Құрылтай төрағасы Айбек Дәдебай:

«Бүгін біз жаңа Конституция берген өкілеттіктерді алғаш рет пайдаланамыз. Құрметті әріптестер, Конституцияның 46-бабының екінші және төртінші тармақшаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Вице-президенті мен Премьер-министрін Құрылтайдың келісімімен, депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен қызметке тағайындайды. Соған байланысты бүгінгі күн тәртібіне екі мәселе енгізіліп отыр», – деген еді.

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ – ЕРЛАН ҚАРИН

Ерлан Қарин Мемлекет басшысының ұсынуымен Қазақстанның Вице-президенті лауазымына ұсынылды. Осыған дейін саясаткер Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары қызметін атқарған болатын.

Ерлан Қарин туралы не белгілі?

Ерлан Қарин 1976 жылы Түркістан облысы, Сайрам ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген. 1996 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетін «Тарих және география» мамандығы бойынша бітіріп, тарих және география мұғалімі біліктілігін алды. 1999 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультетінің аспирантурасын аяқтады. Саяси ғылымдар кандидаты.

Мемлекеттік қызметі: 2019 жылдың сәуірінен 2020 жылдың шілдесіне дейін – Президент кеңесшісі, кейін Мемлекет басшысының көмекшісі болды. 2022 жылғы 5 қаңтарда Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы, ал сонымен бірге 14 маусымда Мемлекеттік кеңесші болып тағайындалды. 2026 жылғы 30 маусымда Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары қызметіне келді.

Вице-президент немен айналысады?

Вице-президент институты Қазақстанның жаңа Конституциясында қайта пайда болды. Оның басты міндеті – билік сабақтастығы мен мемлекеттік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету. Президенттің тапсырмасы бойынша Вице-президент оның атынан Құрылтаймен, Үкіметпен, басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды және халықаралық қатынастарда өкілдік етеді. Мемлекет басшысы оған басқа да функцияларды белгілей алады.

Вице-президент бір мезгілде депутат болуға, басқа ақы төленетін лауазымдарды иеленуге, кәсіпкерлікпен айналысуға немесе саяси партияда болуға құқылы емес. Негізгі өкілеттіктердің бірі билік сабақтастығымен байланысты. Егер Қазақстан Президентінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылса, Мемлекет басшысының міндетін атқару Вице-президентке өтеді. Осылайша, тағайындалған жағдайда Ерлан Карин араға 30 жылдай уақыт салып қайта жаңғырған институттың алғашқы Вице-президенті атанбақ.

Дүйсенбі күні Құрылтайдың 141 депутаты Ерлан Қаринді вице-президент лауазымына бекіту туралы Тоқаевтың ұсынысын мақұлдап дауыс берген.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР – ОЛЖАС БЕКТЕНОВ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайдың қарауына Қазақстанның Премьер-министрі лауазымына Олжас Бектеновтің кандидатурасын енгізді.

Бұған дейін Құрылтайдың бірінші сессиясында Тоқаев алдымен жаңа парламенттің басшылық құрамы қалыптастырылуы тиіс екенін, содан кейін ғана депутаттарға Вице-президент пен Премьер-министрдің кандидатураларын ұсынатынын хабарлаған болатын.

Жаңа Конституцияға сәйкес, Президент Құрылтайда өкілдік ететін саяси партиялардың фракцияларымен консультация өткізгеннен кейін Премьер-министр кандидатурасын депутаттардың қарауына енгізеді. Құрылтай тағайындауға келісім беруі тиіс. Шешім Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Жаңа Құрылтайда 145 депутат бар. Соған байланысты келісім алу үшін кандидат кемінде 73 дауыс жинауы қажет.

Егер Құрылтай кандидатураны қолдаса, Президент бұл адамды өзінің Жарлығымен Премьер-министр етіп тағайындайды. Егер келісім берілмесе, тағайындау процедурасы аяқталмайды: Президент Конституцияда белгіленген тәртіпті ескере отырып, кандидатураны қайта енгізуі қажет болады. Премьер-министр тағайындалғаннан кейін Үкіметтің жаңа құрамын жасақтау басталады.

Президент Премьер-министрдің ұсынысы бойынша Үкіметтің құрылымын айқындайды. Үкімет мүшелерін Президент Құрылтаймен консультациялардан соң, Премьер-министрдің ұсынуы бойынша тағайындайды.

Бұл ретте Сыртқы істер, Қорғаныс және Ішкі істер министрлерін Президент дербес өзі тағайындайды.

Бектенов Премьер-Министр қызметінде қалды!

Оның кандидатурасын Құрылтай депутаттарының басым бөлігі қолдап, дауыс берді. **Палатадағы дауыс беру қорытындысы бойынша 137 депутат Бектеновтің кандидатурасын қолдаса, жеті депутат қалыс қалған**. Осылайша, Олжас Бектенов жаңадан жасақталатын Үкіметті де ары қарай басқаратын болды.

Олжас Бектеновтің Үкіметі

Олжас Бектеновтің Үкіметі жаңа Құрылтай алдында өкілеттігін тапсырды. Кабинеттің жаңа құрамы қалыптасқанға дейін қолданыстағы Үкімет өз міндеттерін атқаруды жалғастыра береді.

Адамның кәсіби өмірбаяны тек қызметтер мен жылдардың тізбегінен тұрмайды. Ол – мінездің қалыптасуын, еңбекке деген көзқарасты, жауапкершілік, біліктілік пен принципшілдік аса маңызды болған салаларда жылдар бойы адал еңбек етуге деген дайындықты көрсететін өмір жолы.



КӘСІБИ ЖОЛЫ УАҚЫТ СЫНЫНАН ӨТКЕН ТҰЛҒА

Осындай кәсіби жолды Алимхан Астарханұлы Минбаевтың еңбек жолынан көруге болады. Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында дүниеге келген ол еңбек жолын жастайынан бастады.

Еңбек жолының алғашқы жылдары өндірістік мамандықтармен байланысты болды: ажарлаушы, слесарь-жинақтаушы, жүк тиеуші, кәсіпорын жұмысшысы болып еңбек етті. Кейін Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеп, Шымкент қаласындағы түрлі ұйымдар мен кәсіпорындарда жұмыс істеді.

Бұл кезең өмірдің маңызды мектебі болып, оның бойында практикалық тәжірибе, тәртіп және еңбекке жауапкершілікпен қарау қасиеттерін қалыптастырды.

Уақыт өте келе Алимхан Астарханұлының кәсіби қызығушылығы заң саласына ойысты. 2003 жылы Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдап, заңгер біліктілігін алды.

Оның еңбек жолында кеден органдарындағы қызметінің орны ерекше.

2007 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының «Сайрам» кеден бекетінде маман болып жұмысын бастады. Кейін кедендік сараптама, кедендік бақылауды ұйымдастыру, кедендік режимдерді бақылау, алдын ала операциялар және кедендік алып жүру бөлімдерінде қызмет атқарды. Әрбір жаңа тағайындаумен оның кәсіби білімі мен жауапкершілік аясы кеңейе түсті.

Бүгінде Алимхан Астарханұлы мемлекеттік кірістер жүйесінде қызметін жалғастырып, Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Кедендік әкімшілендіру басқармасы Кедендік бақылау бөлімінің бас маманы қызметін атқарады.

Көп жылғы қызметі барысында ол кәсіби өсудің негізгі кезеңдерінің барлығынан дерлік өтті – маманнан бас маманға дейін көтеріліп, кедендік бақылаудың әртүрлі бағыттарын кезең-кезеңімен меңгерді.

Бір кәсіби салада ұзақ жылдар бойы еңбек етуі оның мол практикалық тәжірибесімен қатар, кедендік әкімшілендірудің ерекшеліктерін терең білетінін көрсетеді.

Алимхан Астарханұлының артында ондаған жылдық еңбек жолы бар. Оның елеулі бөлігі кеден ісі мен мемлекеттік қызметке арналған. Мұндай тәжірибені қысқа уақытта жинақтау мүмкін емес. Ол күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесінде қалыптасады.

Оның еңбек жолының мемлекеттік қызметке келгенге дейін басталғаны да назар аударуға лайық. Өндірістік тәжірибе, заңгерлік білім және кеден органдарындағы көп жылғы қызмет – барлығы біртұтас кәсіби мектептің қалыптасуына негіз болды.

Алайда әрбір қызметтің, әрбір еңбек өтіліндегі жазбаның артында ең алдымен адам тұрады.

Алимхан Астарханұлы – төрт баланың әкесі. Екі қыз бен екі ұл тәрбиелеп өсірген, жеті немересі бар.

Оның кәсіби тарихы – қарапайым жұмысшыдан мемлекеттік кірістер жүйесінің тәжірибелі маманына дейінгі жолды жүріп өткен, еңбекке және таңдаған кәсіби бағытына адалдығын сақтаған азаматтың өмір жолы.

Уақыт технологияларды, мемлекеттік органдардың құрылымын және жұмыс тәсілдерін өзгертеді. Алайда кәсібилік, жауапкершілік және өз ісіне деген адалдық өзгермейді. Мемлекеттік қызметтің кәсіби беделі де осындай азаматтардың еңбегімен қалыптасады.

Бақтияр ТАЙЖАН,
журналист

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ «AMERICAN DREAM» БАР МА?

«American Dream» дегенде американдық не армандайды? Меншікті үй, алдында гараж, екі көлік, балаларың жақсы мектепте оқиды. Бұл еңбекпен, жылдар бойы төлеп жеткен, бірақ өз меншігің болатын үй. Ал енді өзіміздің сұрайық; қазақтың арманы қандай? Жауабын іздеп көп жерге бару керек емес, айналаңдағы әңгімеге құлақ түріңіз жеткілікті. «Екі-үш пәтерім болса, соны жалға беріп, зейнеткерлікте жұмыс істемей-ақ отырар едім» деген сөзді қаншама рет естідіңіз?



Мен бұл сөзді естіген сайын ойға қаламын. Бұл арманы ма, әлде қорқыныш па? Себебі мұның түбінде жатқаны – болашаққа деген сенімсіздік. Зейнетақы жүйесіне сену қиын. Мемлекеттің қартайған шағында қамқор болатынына кепілдік жоқ. Сондықтан адам өзіне-өзі сақтандыру жүйесін құрады, кірпіш пен бетон түрінде. Пәтер біз үшін тек тұрғын үй емес, ол сенімсіз болашаққа қарсы қалқан.

Бірақ осы армандаудың өзінде бір қызық қайшылық жатыр. Американдық арман – жасау, өндіру, құру арманы. Ол кәсіп ашуды, компания құруды, жаңалық жасауды армандайды. Ал біздің «арман» – негізінен пассивті табыс, яғни жұмыс істемей ақша табу. Бір жағынан, бұл түсінікті: жалдамалы жұмыстың тұрақсыздығын, айлықтың аздығын көрген адам үшін «жалға беру» ең сенімді жол болып көрінеді. Екінші жағынан, осындай армандар басым болған қоғам не жасайды? Кәсіпкерлік пе, әлде жалдау ақысын күту ме?

Тағы бір қызығы, бұл арман шынымен нәтиже бере ме? Ертең-ақ, қазір Алматы мен Астанадағы пәтер бағасын ойлаңызшы. Бір пәтерге қол жеткізу үшін жылдар бойы жинау керек, ал екінші-үшінші пәтер аз адамға ғана қолжетімді. Сонда бұл арман кеңінен таралған идея ма, әлде тек біраз адамдардың қолы жететін елес пе? Мүмкін, «американ дрим» сияқты, бұл да көпшілікке емес, азшылыққа арналған арман.

Тағы бір сұрақ: неге бізде кәсіп құру, өндіріс ашу емес, дәл осы «жылжымайтын мүлік» арманы басым? Мүмкін, себебі жылжымайтын мүлік көзге көрінетін, қолмен ұстауға болатын байлық. Ал бизнес – тәуекел, сәтсіздік мүмкіндігі жоғары нәрсе. Тарихымызда да, тәуекелге бару емес, барды сақтап қалу мәдениеті терең тамыр жайған. Мүмкін, бұл жеке кемшілік емес, ұрпақтан-ұрпаққа берілген сақтық сезімінің заманауи көрінісі шығар.

Дегенмен, мен мұны толықтай сынауға да қарсымын. Себебі әр қоғамның арманы сол қоғамның тәжірибесінен туады. Американдықтардың арманы тұрақты экономика мен несие жүйесі бар елде қалыптасса, біздің арманымыз тұрақсыздық пен сенімсіздік жағдайында пайда болды. Екеуі де өз мағынасында қорғаныс тәсілі. Айырмашылығы – кімнен қорғанамыз: американдық болашақтан үміт күтсе, ал біз болашақтан сақтанып отырмыз.

Сонда қазақстандық арман бар ма деген сұраққа мен «иә» деп жауап беремін, бірақ ол арман емес, көбіне амал деп атаған дұрысырақ шығар. Біз армандамаймыз, біз сақтанамыз. Ал шынайы арман сақтанудан емес, құрудан басталады. Мүмкін, келесі ұрпақ «екі пәтер» емес, «өз ісім, өз атым» деп армандайтын шығар. Сол күнге дейін сақтық та кешірілер, бірақ жасау мен қорғанудың арасындағы шекараны есте ұстаған жөн.



Нұрдәулет АЛЕКУЛ,
ЕҰУ-нің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің студенті

ИНВЕСТИЦИЯ, ӨНДІРІС ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР: ӨҢІР ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ӨСУ НҮКТЕСІНЕ АЙНАЛУДА

Түркістан облысында экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту және жаңа өндіріс орындарын ашу бағытындағы жүйелі жұмыстар қарқынды жалғасуда. Мемлекет басшысының экономикалық өсімді қамтамасыз ету, өңірлердің инвестициялық әлеуетін арттыру және халықты жұмыспен қамту жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында нақты жобалар арқылы жүзеге асырылуда.

Бүгінде өңірдің инвестициялық тартымдылығы артып, ірі өндірістік жобаларды іске асыруға қолайлы жағдай қалыптасуда. 2026-2029 жылдар аралығында Түркістан облысында жалпы құны 2,8 трлн. теңгені құрайтын 122 инвестициялық жобадан тұратын портфель қалыптастырылды. Нәтижесінде 17 820 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Ағымдағы жылы құны 336,5 млрд. теңгені құрайтын 51 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл жобалар аясында 5 466 жаңа жұмыс орны құрылады. Тікелей шетелдік инвестиция тарту бағытында да оң динамика қалыптасуда. Биыл облысқа 499 млн. АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тарту жоспары бекітілсе, жылдың алғашқы тоқсанында бұл көрсеткіш 115,3 млн АҚШ долларын құрады.

Түркістан облысында жоғары технологиялы және экспортқа бағытталған өндірістерді дамытуға ерекше мән берілуде. Алдағы кезеңде іске асырылатын ірі жобалардың қатарында:

Созақ ауданында «СП «Буденовское» ЖШС-нің қуаттылығы жылына 6 мың тонна уран өндеу кешенінің екінші кезеңі жүзеге асырылады. Жоба құны – 30,2 млрд. теңге.

Отырар ауданында «KAZAKHSTAN LIHUA» ЖШС қуаттылығы жылына 10 мың тонна мақта өңдейтін екі зауыттың құрылысын жүргізуде. Инвестиция көлемі – 10 млрд. теңге.

Ордабасы ауданында «HUATING BIOTECHNOLOGY Co.,LTD» компаниясы ірі қара мал сүйегінен май және пептон компоненттерін өңдейтін өндіріс орнын іске қосады. Жоба құны – 9 млрд. теңге.

Сайрам ауданында «Meat Magnat» агроөнеркәсіптік кешені жылына 5 мың тонна ет өндіретін комбинат пен 10 мың басқа арналған бордақылау алаңын салуда. Инвестиция көлемі – 6,7 млрд. теңге.

Созақ ауданында «ИНКАЙ» БК» ЖШС «Инкай» кен орнында жылына 4 мың тонна өнім өндіретін аффинаж зауытын іске асыруда. Жоба құны – 7,5 млрд. теңге. Төлеби ауданында «Қазығұрт бақтары» АӨК жемістерді қайта өңдеу цехы мен көкөніс сақтау қоймасын салады. Инвестиция көлемі – 4,1 млрд. теңге.

Бұл жобалар өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті өндірісті дамытуға мүмкіндік береді.

Индустриялық аймақтар – жаңа өндірістердің алаңы. Инвесторларға қолайлы жағдай жасау мақсатында Түркістан облысында индустриялық және арнайы экономикалық аймақтардың инфрақұрылымы белсенді дамып келеді.

Өткен жылы облыста жаңадан 11 индустриялық аймақ іске қосылып, олардың жалпы саны 21-ге жеткізілді. Қазіргі таңда индустриялық аймақтарда жалпы құны 158,4 млрд. теңгені құрайтын 105 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар толық іске қосылған жағдайда 5 964 жаңа жұмыс орны ашылады. Былтыр индустриялық аймақтарда құны 60 млрд. теңгені құрайтын 55 жоба іске қосылып, нәтижесінде 3,3 мың жұмыс орны құрылды.

Өңірдің инвестициялық дамуының маңызды бағыттарының бірі – «Turan» арнайы экономикалық аймағы. Бүгінде арнайы экономикалық аймақта жалпы құны 302,9 млрд. теңгені құрайтын 36 ірі жоба жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда оның 6 жобасы іске қосылды. Барлық жобалар толық аяқталған жағдайда 6,8 мың жаңа жұмыс орны ашылады.

Ауылдарда өндіріс орындары ашылып, кәсіпкерлік дамуда.

Мемлекет басшысы еңбекке қабілетті жастардың ірі қалаларға көшу мәселесіне назар аударып, ауылдық аумақтарда жаңа экономикалық мүмкіндіктер қалыптастыру қажеттігін атап өткен болатын. Осы бағытта Түркістан облысында ауылдық жерлерде шағын өндірістерді дамытуға ерекше басымдық берілуде.

Өңірге сырттан әкелінетін тауарларға талдау жүргізіліп, жергілікті жерде өндіруге болатын өнім түрлері анықталды. Осы негізде дайын бизнес-кейстер әзірленіп, кәсіпкерлерге өндірістік алаңдар мен дайын жобалар ұсынылуда.

Бүгінде облыста 29 шағын өндірістік алаң құрылды. Олардың жалпы аумағы 264 гектарды құрайды. Қазіргі таңда осы алаңдарда 275 өндірістік ғимараттың құрылысы жүргізілуде. Өндірістік алаңдарға орналастырылатын жобалардың жалпы құны 226,9 млрд. теңгені құрайды. Қалыптасқан өндірістік пулда 269 жоба бар. Оларды іске асыру нәтижесінде 6,8 мың жаңа жұмыс орны ашылады.

Бүгінде жалпы құны 159,5 млрд. теңгені құрайтын 109 жоба іске қосылды.

Олардың қатарында:

- жеңіл өнеркәсіп;
- жиһаз өндірісі;
- жаңбырлатып суару жүйелері;
- тұрмыстық техника;
- мұздатқыш жабдықтар;
- құрылыс материалдары;
- бір реттік ыдыстар өндірісі бар.

Алдағы уақытта жаңа бағыттар бойынша да өндірістер іске қосылады.

Олардың қатарында:

- John Deere және Lovol ауыл шаруашылығы техникаларын өндіру;
- ауыл шаруашылығы дрондарын шығару;
- бейнекамера өндірісі;
- капсулды үйлер шығару;
- тұрмыстық химия өнімдерін өндіру;
- кептірілген жемістер өндірісі бар.

Түркістан облысында жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар өңір экономикасын жаңа деңгейге көтеріп, өндіріс көлемін ұлғайтуға, ауылдық аумақтарды дамытуға және халықты тұрақты жұмыспен қамтуға бағытталған.

Бүгінде Түркістан – инвестиция тартылған, жаңа өндірістер бой көтерген, жұмыс орындары ашылып жатқан және экономикалық мүмкіндігі артып келе жатқан стратегиялық маңызды өңір.

Инвестиция – өндіріс. Өндіріс – жұмыс орны. Жұмыс орны – халықтың әл-ауқаты. Түркістанның жаңа даму бағыты осы қағидатқа негізделуде.

ЖАҢА ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ ҚҰРУ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров шетелдік құрылыс компаниясының директоры Сюй Миньмен кездесті. Кездесу барысында тараптар өңірде жаңа индустриалды аймақ құру жұмыстарын жеделдету бағытындағы бірлескен жобаларды талқылады.

Кездесуде компания өкілдері индустриялық аймақ, бондтық қоймалар, өндірістік корпустар, жеке өндірістік нысандар, әкімшілік-тұрмыстық және сервистік орталықтар, сондай-ақ, инженерлік инфрақұрылым салу бойынша ұсыныстарын жеткізді.

Аталған жоба іске асқан жағдайда, оның инвестициялық көлемі шамамен 30 млн АҚШ долларын құрайды. Нәтижесінде 42-ге жуық кәсіпорын ашылып, мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда. Одан өзге, Орталық Азиядағы өнеркәсіптік кооперацияны, трансшекаралық сауданы, логистиканы және импорт көлемін арттыру мен өндірістерді дамыту жұмыстары жолға қойылады. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өнеркәсіптік байланысты нығайтуға арналған «Орталық Азия» халықаралық индустриялық орталығын дамытуға септігін тигізеді деп көзделуде.



Сонымен қатар шағын және орта кәсіпкерлік кластерін қалыптастыру, шекара маңы логистикалық торабының қуатын арттыру және Қытай бизнесінің Орталық Азия нарығына шығуына мүмкіндік беретін өндірістік әрі логистикалық платформа құру жұмыстарын кезең-кезеңімен орындау жоспарланып отыр. Бұл ретте компания өкілдері жобалық құжаттаманы оңтайландыру, қаржыландыру мәселелерін шешу, құрылыс жұмыстарын бастау және жобаны коммерцияландыру бағытында жұмыстарды жеделдетуге дайын екенін жеткізді.

Айта өтейік, мердігер компания автомобиль жолдарын, инженерлік желілерді және металл конструкцияларын салу, құрылыс материалдарын импорттау және экспорттау, сондай-ақ әрлеу жұмыстарын жүргізу бойынша мол тәжірибеге ие.

ЖАРТЫ ЖЫЛДА 325,3 МЛРД. ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІ ӨНДІРІЛДІ

Түркістанның аграрлық әлеуеті жаңа деңгейге көтеріліп, өңір азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ірі орталыққа айналуда. Түркістан облысы – еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы стратегиялық маңызы жоғары өңірлерінің бірі. Бүгінде аймақта агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту, өндірісті әртараптандыру, терең өңдеуді дамыту және экспорттық әлеуетті арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың аграрлық саланы дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін көбейту және жаңа технологияларды енгізу жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында жүйелі түрде орындалып келеді.

Облыс әкімдігі тарапынан қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде өңір агросаланың негізгі көрсеткіштері бойынша республикадағы көшбасшы аймақтардың біріне айналды.

2026 жылдың қаңтар–маусым айларының қорытындысы бойынша Түркістан облысында 325,3 млрд. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 110,7 пайызды құрады. Осы көрсеткіш бойынша облыс республика өңірлері арасында бірінші орынға шықты.

Бұл – Түркістанның аграрлық әлеуетінің жоғары екенін және ауыл шаруашылығында жүргізіліп жатқан жүйелі реформалардың нақты нәтижесін көрсететін маңызды көрсеткіш.

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін тек өндіру ғана емес, оны терең өңдеу бағытында да нақты жұмыстар жүргізілуде. 2026 жылдың алғашқы алты айында агроөнеркәсіптік кешенге 153,2 млрд. теңге инвестиция бағытталды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,5 есеге жоғары.

Өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемі де артты. Алты ай ішінде тамақ өнімдерін өндіру көлемі 96,6 млрд. теңгеге жетіп,



өсім 126,2 пайызды құрады. Өңдеу өнеркәсібінің негізгі бағыттарында жоғары өсім қалыптасты:

- ет өнімдерін өңдеу – 172,1 пайыз;
- өсімдік майы және май өнімдерін өндіру – 136,7 пайыз;
- сусындар өндірісі – 139,6 пайыз;
- ұн-жарма өнімдері – 121,4 пайыз;
- балық өнімдері – 121,4 пайыз;
- жеміс-көкөніс өнімдерін өңдеу – 108,5 пайыз.

Бұл көрсеткіштер Түркістанның шикізаттық бағыттан дайын өнім өндіретін қуатты агроөнеркәсіптік орталыққа айналып келе жатқанын аңғартады.

Түркістан өнімі әлем нарығына шығуда. Өңірдің аграрлық өнімдерінің экспорттық әлеуеті де жыл сайын артып келеді. Жыл басынан бері Түркістан облысынан 904,5 мың тонна ауыл шаруашылығы және қайта өңделген өнім экспортталды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есеге көп.

Экспорт құрылымында:

- өсімдік шаруашылығы өнімдері – 642,4 мың тонна;
- мал шаруашылығы өнімдері – 25,8 мың тонна;
- қайта өңделген өнімдер – 236,3 мың тонна.

Түркістан облысы бүгінде ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, халықаралық азық-түлік нарығындағы орнын нығайтып келеді.

Егіс алқаптары ұлғайып, су үнемдеу технологиялары кеңейтілуде. Ауыл шаруашылығын әртараптандыру мақсатында биыл облыста егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 8 мың гектарға ұлғайып, жалпы көлемі 919 мың гектарды құрады.

Оның ішінде:

- дәнді дақылдар – 326 мың гектар;
- майлы дақылдар – 87 мың гектар;
- көкөніс – 42 мың гектар;
- бақша – 62 мың гектар;
- картоп – 12 мың гектар;
- мал азықтық дақылдар – 228 мың гектар;
- мақта – 162 мың гектар.

Бүгінгі таңда облыс шаруалары:

- 368,4 мың тонна масақты дақыл;
- 655 мың тонна көкөніс;
- 871 мың тонна бақша өнімі;
- 214 мың тонна картоп;
- 3,4 млн тонна мал азығы дақылдарын жинады.

Су тапшылығы жағдайында тиімді технологияларды енгізу басты бағыттардың біріне айналды. Президент тапсырмасына сәйкес биыл қосымша 50 мың гектарға су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланған. Нәтижесінде жалпы қамтылатын аумақ 164 мың гектарға жетіп, жыл сайын 280 млн текше метр су үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда бұл технологиялар 37 мың гектар жерге енгізіліп, жоспардың 74 пайызы орындалды.

Түркістан облысы мал шаруашылығы бойынша да республикадағы жетекші өңірлердің қатарында.

Қазақстандағы:

- ірі қара малдың 13 пайызы немесе 1 млн 238,6 мың басы;
- қой-ешкінің 20 пайызы неме-се 5 млн 211,6 мың басы;

- жылқының 10 пайызы неме-се 549 мың басы;
- түйенің 14 пайызы немесе 46,1 мың басы Түркістан облысының үлесінде.

2026 жылдың алты айында өңірде:

- 116,3 мың тонна ет;
- 271,8 мың тонна сүт;
- 170,8 млн дана жұмыртқа өндірілді.

Облыс еліміздің ет экспортындағы негізгі өңірге айналды. Республикадан сыртқы нарыққа шығарылатын ірі қара мал етінің 80 пайызы, қой етінің 75 пайызы Түркістан облысының үлесіне тиесілі.

Есепті кезеңде шетел нарығына:

- 10,3 мың тонна сиыр еті;
- 14,4 мың тонна қой еті экспорттады.

Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы өнімін арттыру және өндірісті ұлғайту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында Түркістан облысында 2026–2028 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешендегі ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жол картасы бекітілді.

Жол карта аясында жалпы құны 269 млрд. теңгені құрайтын 43 жоба жүзеге асырылады. Нәтижесінде 2 115 жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл құны 96,3 млрд. теңгені құрайтын 19 жоба іске асырылуда. Қазіргі таңда құны 17,4 млрд. теңгенің 5 жобасы жүзеге асырылып, 140 жаңа жұмыс орны құрылды.

Іске қосылған жобалардың қатарында:

Сайрам ауданында:

«U-DRINKS» ЖШС – құны 4 млрд. теңге, сағатына 10 тонна сусын өндіретін зауыт, 65 жұмыс орны;

«Kaz Eco Meat» ЖШС – құны 4 млрд. теңге, 5 мың басқа арналған ірі қара мал бордақылау алаңы;

«MEAT MAGNAT» ЖШС – құны 4 млрд. теңге, 10 мың басқа арналған бордақылау кешені.

Қазығұрт ауданында:

«Қарқын – 2030» ЖШС – құны 4,1 млрд. теңге, 5 мың басқа арналған ірі қара мал бордақылау алаңы, 30 жұмыс орны.

Отырар ауданында:

«Мұрат» шаруа қожалығы – құны 1,3 млрд. теңге, 5 мың басқа арналған бордақылау алаңы.

Бүгінде Түркістан облысы – ауыл шаруашылығы өндірісі, қайта өңдеу, экспорт және инвестиция тарту бағытында жаңа серпін алған өңір. Аграрлық сектордағы әрбір жоба – жаңа жұмыс орны, жаңа өндіріс және ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадам. Түркістан – елдің азық-түлік қауіпсіздігіне үлес қосатын, заманауи агроөнеркәсіптік орталыққа айналып келе жатқан қуатты өңір.



Серік ТҰРҒЫНБЕКОВ,
ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты

БІЗ ҮШЕУ ЕДІК

Иә, біз үшеу едік. Кеңшілік, Серікбай және мен. Кеңшілік екеуміз бір ауылда туып өстік. Мектеп табалдырығын бірге аттадық, бір партада отырдық, бір үйде жаттық, онжылдықты бірге тәмамдадық, ақыры Алматыға келіп, университетке де бірге түстік, қаламгерлік қызметтерді де қатар атқарып жүрдік. Бір адамның ғұмырында тағдыр қосып бұлай бірге жүру кез келген адамның маңдайына бұйыра бермеген болса керек.

Ал, Серікбай ше? Серікбайды Кеңшілік екеуміз сегізінші класқа көшкен жылы жазда, аудан орталығы Торғай қаласында алғаш рет ұшыратыппыз. Бірақ бір-бірімізді бесінші кластан бастап, сырттай біледі екенбіз. Бесінші кластан бастап Кеңшілік екеуміздің өлең, мақалаларымыз аудандық газетте шыға бастады. Алғашында жолданған өлеңдеріміз газетке жарияланбай жүрді. Шамасы, шала-жансар, дүмбілез дүниелер болса керек. Ал, екеуміз қосылып жазған «Киров атындағы колхозда», «Мектеп өмірінен» деген айдармен беріліп тұратын қысқа хабарларымыз кешікпей-ақ шығып жататын. Серікбай болса, біз екеумізден бір жас үлкендігі бар екен, оның мақалалары мен өлеңдері аудандық газетте жиі-жиі жариялана бастады. Өлеңдерінің көбісі сықақ болатын. Кеңшілік екеуміз Серікбайдың өлеңдерін оқып, «біз неге осылай шықпаймыз» дегендей, бір-бірімізге қараймыз да қоямыз. Алтыншы класс оқитын жылы біздің де өлеңдеріміз сол кездегі «Социалистік ауыл» газетінде там-тұмдап шыға бастады. Ең алғаш менің өлеңім жарияланды. Серікбайға ұқсап сықақ өлең жазғам. Сықақ өлеңнің жолы болғыш екен. Бірден жариялана кетті. Сондағы бас-аяғы бір-екі шумақ өлең әлі есімде:

Көрмессің мұндай салақты,
Итке де аузын жалатты,
Үйіне келген қонақты,
Бөтелкемен сабапты.
Осының бәрі сорлыға
Ішкен соң болды-ау арақты.

– Көгілдір көктемде, көкек айының бір күні болар деймін. Жаңылмасам жексенбі күні интернат ауласында жүрген маған қарай Кеңшілік желпілдеп жүгіріп келе жатты. Қолында «Ауыл» газеті. Ішкі бетін айқара ашып, маған көрсетіп жатыр.

– «Өлеңің шығыпты, Серік, сүйінші, сүйінші!» – дей береді. Жүзі бал-бұл жанып, менен бетер қуанып, құрақ ұшып жүр. Екеуміз дауыстап қосыла оқып жатырмыз. «Ішкен соң болды-ау арақты». Тақырыбы да сол. Соңы да осылай бітеді. Кеңшілік әбден жанығып алған. «не деген бақыттысың, Серік!» – деп мені қайта-қайта құшақтай береді.

Екеуміз де орталықтан жырақ алыстағы бөлімшеде болыппыз. Серікбай кейін айтады: «Сендерді көруге жүрегім дауаламады. Ол кезде сендердің өлеңдерің газетте жиі шығып жататын. Менсінбейтін шығар деп ойладым», – дейді. Қайран балалық көңіл-ай! Сол кезде кездессек қой, жамырап қосылған қозыдай у-шу, мәре-сәре болып қалар едік. Біз Кеңшілік екеуміз сол кезде Серікбайды көрсек екен деп қиялдап жүретінбіз. Сол Серікбайды Кеңшілік екеуміз сегізіншіге көшкен жазда Торғайда кезіктірдік. Бірақ екеуміздің көргеніміз екі бөлек... Серікбайды мен Кеңшіліктен бұрын көрдім. Жазғы демалыста Торғайдың қақ ортасында ет сататын шағын дүкен болатын еді. Сол дүкеннің қасынан балмұздақ сататын болған. Балмұздақты бұрын көрмеген басым, қызыққаным сонша, күнде барып, сатып алып жеп жүруші едім. Бір күні сол жерден өзім құралпы 3-4 жігіт кезіге қалды. Ішіндегі ұзынша бойлы, ақсары жігіт көзіме жылы ұшырай кетті. Бір жерде көрген сияқтымын. Сол-ақ екен, ешкім таныстырмаса да біз бір-бірімізді бұрыннан білетін адам құсап, жұғыса кеттік.

– Серік Тұрғынбеков.

– Серікбай Оспанов.

Қол алысып жатырмыз. Ол менен Кеңшілікті сұрады. Мен одан Бидалбекті сұрадым. (Бидалбек Қарақұлов деген сол кезде біз үлгі тұтқан үлкен ақын еді. Серікбай екеуі бір ауылда бірге өскен. Өлеңдері өте әсерлі болатын. Кейін тағдыр тәлкегіне түсіп жазбай кетті). Серікбайдың үстіндегі қысқа жең қызыл жолақ көйлек әлі күнге дейін есімде қалып қойыпты. Киімді мұнтаздай таза киетін момақан жігіт көрінді маған. Ал, оның байқауынша, менің киімім олпы-солпылау, шалбарым үтіктелмеген, бәтеңкемнің табаны тозып, жемірілген қисық өкше екені көрініп-ақ тұрыпты. Менің Серікбайдан аз да болса кішілігім байқалып тұрса керек, өзімше балмұздақ алып, сый көрсеткенім есімде. Сол жылы жаз аяғында Серікбай Кеңшілікпен кезігіпті. Тағы да сол Торғайда. Сол баяғы балмұздақ сататын жерде. Бірақ сол кезде балмұздақ сатыла қоймапты. Ет дүкенінің қасында үлкен асхана болатын. Серікбай мен Кеңшілік те бірін-бірі танып, шұрқыраса кетіпті. Өздері оны-мұраны, өткен-кеткенді айтып біраз әңгімелесіпті. Сонан соң Кеңшілік Серікбайға сол жылдарда асханаларда көп сатылатын вермут-вино алып сыйлапты. Бұған таңғалған Серікбай:

– Серік маған балмұздақ әперіп еді, мынау виноң не? – деген екен.

Сонда Кеңшілік: – «Балмұздақты қыздарға әпереді. Ал, біз жігіт емеспіз бе», – депті. Сөйтіп олар Торғайдың сыртындағы «партизан сайына» барып, бір виноны қақ бөліп ішіп алыпты. (Кеңшіліктің зираты да сол «Партизан сайына». Торғайға барған сайын Серікбай екеуміз сол «Партизан сайына соқпай кетпейміз. Өйткені онда Кеңшілік жатыр...)

...Мектепке бір кіріп, бір шығып жүріп, улатып-шулатып бітірдік-ау, әйтеуір. Аттестат алған соң Кеңшілік Алматыға аттанды. Мен болсам отбасы жағдайына байланысты ауылда қалып қойдым. Аудандық газеттің редакторы Спабек Әсіпов «сенен жақсы журналист шығады» деп мені қызметке алып қалды. Алматыда жүрген Кеңшіліктен маған сол жылдарда жиі-жиі хат келіп тұрады. Алғашында Серікбай екеуі ҚазМУ-дің журналистика факультетіне сынақ тапсырған екен, Кеңшілік өте алмай қалыпты. Сөйтсе, ҚазМу-дің мұғалімдерінің «шығарманы өлеңмен жазбаңдар» деген ескертпесіне қарамастан, Кеңшілік ерегескендей берілген тақырыпты «жырлап» берген ғой.

Ескертуден қорытынды шығармаған соң, сынақ алушы Кеңшіліктің шығармасын оқымастан белінен бірақ-ақ сызған. Кейін екеуміз ҚазМу-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түстік. Сөйтіп, мектептегі күндердей, университетте де бірге отырып, бірге оқып, бірге ойнап-күліп жүріп жаттық. Серікбай болса ҚазМу-дың дыңдай студенті. Газет-журналдарда өлеңдерін жиі шығарады. Студенттер жатақханасында тұрады. Жора-жолдастарының алдында беделді. Сырттай оқығаның бар болсын, айында, жылында болатын сессия күндері шолақ сайдың тасыған суындай зу етіп өте шығады. Мен Торғайға аттандым. Серікбай Алматыда қош айтысып қала берді. Бірер жыл өткен соң екеуміз де Алматыға келіп, қызметке кіріп, қатарға қосылып, қаламгерлік қат-қабат күндерімізді бірге өткізіп жаттық. Осы кезде Серікбай да, ҚазМУ-ды тәмамдап, мен істеп жүрген қазақ радиосына қызметке орналасқан. Ойнап-күліп, талай-талай қызық та қызулы сәттерді басымыздан өткердік. Кеңшілік ақындық шабыты шарықтап, қаламгерлік қабілеті кемеліне келіп, толқып-шалқып тұрған шағында үзіліп кетті...

Міне, содан бері қанша айлар асып, жылдар жылжып жатыр. Серікбай екеуміз Алла тағаланың берген ғұмырымен жер басып жүрген жайымыз бар.

Зымырап уақыт міне Серікбайды да жетпістің желкесіне қонжитты. Мен де онымен қолтықтасып осынау жасқа тұяқ іліктіргелі тұрмын.

Ойлап отырсам, Серікбай өзінің жетпіс жасына үлкен жүк көтеріп келіпті. Ол өзінің танымал ақындығының сыртында, тағылымы ғылым жолына түсіп, қырау жұмыстар тындырыпты. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік университетте, Қостанайдағы педагогикалық институтта, жары Гүлзадамен бірге қоян-қолтық жұмыс істесе жүріп, біршама ғылыми еңбектер жазды. Жазғандары бірінен кейін бірі кітап болып шығып, оқырман кәдесіне жарап жатыр. Ғылым кандидаты, профессор, доцент деген қыруар атағы бар Серікбай атасы Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлының салған сара жолымен салауатты өмір сүріп келеді.

КЕҢ СІЛТЕП, КЕМЕЛ ТЫНЫСТАЙТЫН

Өткен ғасырдың 60–70-жылдары қазақ поэзиясының даңқы шығып, дәуірлеген тұсы еді. Алдыңнан Алатаудың самалы ескендей ерке сылқым күйімен тамылжыған Тұманбай өлеңдері, мұңы мен сырын ішке бүгіп, алқына, талпына шарқ ұра шыққан Мұқағали мақамдары, әр сөзі сақаға құйған қорғасындай ақыл мен парасаттың парқын сездіретін Қадырдың қастерлі жырлары, көктем күніндей елжіреп, көктем гүліндей үлбіреп тұрған Сағи саздары. Қарақалпақстан жақтан қара үзіп шығып, көкірегінен Амудария мен Сырдария толқындарын қатар ағытып, қазақы жырдың легімен, Оңтүстіктің оттай ыстық лебімен – Айбергенов шықты атойлап. Ойлы өлеңнің қайнарында, өзінше бір әлем болып, Жұмекен жатты жыр жайлауында.

Міне, осы кезде, сонау Торғайдың бір толқыны болып, Кеңшілік қосылды қазақ поэзиясына. Кеңшілікпен бірге қазақ поэзиясына тың бір екпін, ерекше толқын тоғысты. Кеңшілік бірден келген бетте қазақ өлеңіне өзгеше рең, өр рух әкелді. Кеңшілік өлең өлкесіне қазақ киіз үйінің туырлығына сіңген түтін иісін, қазақ тарпаңының мінезін, қазақ қымызының дәмін, қазақ қызының қылығын ала келді. Осылайша қазақ өлеңінің легіне Торғайдан тай болып қосылған Кеңшілік келе-келе, желе-желе аз жылдардың ішінде өзі де жыр тұлпарына айналды. Әкеден ерте айрылып, жетімдіктің тақсіретін тартқан менен гөрі Кеңшілік ат арқасына мінгенше ата-анасының құшағында асау тайдай, бұғалыққа бағынбай еркін өсті. Екеуміз қатар өсіп, бірге жүріп, тай-құлындай тебісіп, орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін, ол бірден Алматыға аттанды. Мен аз жылдар Торғайдағы аудандық газетте аялдап қалдым.

Кеңшілік Алматыға келген бетте әдеби ортаға күрп етіп кіріп, бірден сіңісіп кетті. Бара сала маған қайта-қайта хаттар жазып, Алматыға шақыра бастады. Сол хаттардың біразы менің архивімде әлі күнге дейін сақтаулы, біраз бөлігі баспасөзде де жарияланды. Енді сол кезде Кеңшіліктің көзімен, ойымен жазылған хаттағы кейіпкерлердің кейпіне назар аударарлық. Алғаш көзі көрген жас тұйғындардың кейін хас қыранға айналарын Кеңшілік сол кезде-ақ бағамдап қойғандай: «Әбіш Кекілбаев. Паң. Құдай маңғаздықты өзінен аямаған. Келбетіне қыз қырылады. Сол паңдығына қарамай сондай кішіпейіл, барсаң арқаңнан қағады. КазГУ-дің филфагын бітірген...

Тұманбай. Тебінгідей көзілдірігі бар, қарттарға тым жақын ғой деймін. Өлеңі қандай от болса – өзі де сондай. Тым сезімге жүйрік адам-ау шамасы деп түйдім.

Жұмекен Нәжімеденов. Өте ойлы. Адамдығы, жастарды түсінуі, Қалиханның Қасымын түсінуі бәрі-бәрі керемет. Келбетті. Ресторанға көп барады-ау, «Қазақстанның» алдынан жиі көрем. Қадыр таныстырған. Өзі түк оқу бітірмеген. 9-шыны жартылап оқуды аяқтапты. Қазір «Қазақ әдебиетінің» поэзия бөлімінде білдей бастық.

М.Мақатаев. Сенен сырт түрі бір аусайшы. Оны көргенде сені көргендей болам, нансаң...

Ақындар көп, бәрі тамаша. Серігім, сенен шын ақын, нағыз ақын шығады. Сау бол. Құшақтаймын. Сағындым сені, тірі Тұрғынбек!

Кеңшілігің, Кеңтайың, Кеңпейілің, Кеңің.

9.11.64 ж.»

Міне, осыдан 52 жыл бұрын жазылған хаттың кейіпкерлері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, Кеңшілік болжағандай болып шыққанына таңғалмасқа шараң жоқ. Мектеп бітірген соң менен екі жыл бұрын Алматыға кеткен Кеңшіліктің хат арқылы болса да жолдаған лебіздері мені қатты қызықтырып, бірте-бірте астанаға аңсарым ауа бастады. Әкеден ерте айрылған, жастай жетімдіктің зардабын тартып, Алматыға бара алмай, пұшайман көңілде жүрген мен, екі жыл өткен соң астанаға жеттім-ау, әйтеуір.

Бізді Кеңшілік бір топ жерлес жігіттермен бірге 2-Алматы вокзалынан қарсы алды. Сол күннен бастап Кеңшілік екеуміздің іргеміз бір сәт бөлінген емес. ҚазМУ-дың журналистер даярлайтын факультетіне сырттай түсіп, баяғы балалық күндерімізді жастық жылдармен жалғастырдық.

Алматыдағы ауылдас ағаларымыз – сол кездің өзінде атынан ат үркетін атақты ақындар Ғафу, Сырбайға бірден бара алмай, өзімізге өзі де, өлеңі де етене жақын Тұманбайды тауып алдық. Тұманбай Жазушылар одағына орналасқан баспада жұмыс істейді екен. Екеумізге де кезек-кезек өлең оқытып, әлгі жерде тәнті болды да қалды. – Осында атақты ақын ағаларың – Сырбай мен Ғафу бар, соларға сәлем бердіңдер ме? – деп сұрады. Біздің «бірден өзіңізге келдік» деген жауабымызды естігеннен кейін, Тұмағаң орнынан тұрып, жазу столындағы қағаздарын жинастыра бастады. Көшеге шықтық. Тұратын үйі Жазушылар одағынан онша алыс емес екен. Әлі көз алдымда, екі қабат ағаш үй. Сондай үйлер сол арада қатар-қатар сап түзеген екен. Солардың біріне кірдік. Көнеден келе жатқан ескі үй екенін біздің таңырқай қарағанымыздан бірден байқаған Тұмағаң: – Бұл үйде баяғыда, ең алғаш Бейімбет Майлин тұрған. Одан кейін Мұхамеджан Қаратаев.., – деп біраз әңгімелердің басын қайырып тастады.

Үйде, шағын столда дәм дастарханы дайын тұр. Үйінде бір емес екі анасы бар екен. Бірі – дастарханға сары бауырсақтарды төкті, екіншісі – кәрлен кесемен қымыз ұсынып тұр. Біз жас болсақ та, жатсынбай үлкенге жасағандай ізет көрсетіп, дәм ұсынған қос анаға таңғалысымызды жасыра алмадық. Кеңшілік екеуміз осы сәттерді көпке дейін тамсана әңгімелеп жүрдік.

Тұманбай аға менің қырық жасқа келгенде жазған өлеңінде «Ең алғаш мені іздеп келгеніңмен, кейіннен ағаларыңды алдың тауып», – деп айтқан назы бар.

Айтса айтқандай, келе-келе Сырбай, Ғафу ағалардың қасынан табылып, ол кісілердің мерейтойларында, үй іші дастархан басында жиі араласып, дәм-тұз татысып, жанымыз жарасып кеткені рас еді.

Кеңшілік, ең бастысы, ақын еді. Ақын болғанда да, есімі үлкен әріппен жазылатын, ешкімге ұқсамайтын, текті де тентек ақын еді. Тектілікке тентектігі қосылғанда, ол тіпті онан сайын дараланып, тұлғаланып шыға келетін. Өзінің ұнатпаған адамы болса, одан ықпай, именбей, бірден тура бетке айтып тастайтын. Өлеңде де сондай өр мінез, кесіп айтып, кесек турайтын.

Өзінің бойына да, ойына да тән еркіндік пен еркелік өлеңінің әр сөзінен өрнек тартып, көзге ұрып тұратын. Ал өлең оқыған кезде арқаланып кетуші еді. Кейбір кездесулерде, үлкен жиындарда тақырып аясында тарылып қалмай, өзінің жанына жақын өлеңдерін тартынбай оқи беретін.

Бірде ҚазМУ-дегі поэзия кешінде жетекші Сұлтанғали Садырбаевты әбден састырыпты. Кеш «Лениннің 100 жылдығына» орай өтіп жатқан екен. Мен сол кезде ел жақта жүріп ол жиынға қатыса алмадым. Бірақ, соның алдында Кеңшілік маған «Өгіз» деген өлеңін оқып берген болатын. Ол кезде Тұрсынзада Есімжановтың дүрілдеп тұрған кезі еді. Біз Кеңшілік екеуміз оның өлеңдерінің көбісін жатқа айтатынбыз. Бір күні сол кездегі басылымдардың бірінде Тұрсынзаданың «Өгіздер» деген өлеңі шықты. Кеңшілік маған «мен де өгіз туралы өлең жаздым» деп оқып берген. Асығыстау тыңдағаннан ба, сол өлеңі есімде қалмапты. Кейіннен кітабынан да кезіктіре алмадым. Сөйтіп, Кеңшілік «Лениннің» орнына «Өгізді» оқыған ғой. Жұрт у-шу, қыран-топан. Студенттерге де керегі сол емес пе?! Кештің саяси жағы сұйылып бара жатқан соң, Сұлтанғали Садырбаев абдырап:

– Шырағым, Кеңшілік, Ке-кең-шілік! – деп қайта-қайта тоқтатпақ болған екен. Оған қарайтын Кеңшілік пе?!

Кеңшілік көбінесе осылай у-ду, шулы жерде жүретін. Және оны өзі де ұнатып, содан рахат табатын.

Бұл да бір ақындық мінездің ерекшелігі болса керек. Содан ба, уақытымыздың көбін ресторан, кафеде өткізіп, көпшілік алдында өлең оқып, кішігірім поэзия кешін өткізіп жіберетін кездеріміз де көп болатын.

Кеңшіліктің талант қыры жан-жақты еді. Және соның бәрінде де оның биіктігі бірден аңғарылып тұратын. Мен оның тіліне қатты қызығатынмын. Ол айтқан сөздерді мен де білем. Елде бала жастан талай естіген сөздерім. Алайда, Кеңшілік сол елден естіген есті сөздерді әңгіме, мақалаларында әдіптеп жеткізіп, әсерлі баяндайтын. Көркемдік кестесін келістіріп, кіріктіріп жіберетін.

Кеңшіліктің оқиғалы істері, әзіл-қалжыңдары бірінен бірі асып жататын.

Торғайда Жүрген деген құрдас-дос жігітіміз болды. Кеңшілікке туыс, маған нағашы болатын. Сол Жүргенге Кеңшілік былай депті: – Әй, Жүрген! Сен «Абай жолын» бір оқып көрші. Ал анау Тұрғынбеков «Абай жолын» әлі оқыған жоқ! Мен бұл сөзді естіген соң шек-сілем қатып күліп жатырмын.

Есіме, Кеңшіліктің біздің үйде жатып, бір жыл қызмет істегені түседі. Ол кезде «Жетісуда» істеп жүрді-ау деймін. Алақандай бөлмедегі жазу столына екеуміз сыйыса бермейміз. Бір жақсысы, Кеңшілік жазуды шамның жарығымен түнде жазады. Мен болсам, жазу столына таңертең ұйқымды әбден қандырып алып, шәй-пәйімді қанып ішкен соң түске таман отырамын. Түні бойы «Абай жолын» оқимын. Кейде Кеңшілік маған пейіл бөліп: «Әй, Тұрғынбеков, түні бойы кітап оқып миыңды қатырғанша, ұйықтасаңшы!» дейтін. Мен «Абай жолын» бетіме бүркеген күйі таңертең бір-ақ тұратын едім. Енді кеп Кеңшіліктің айтқаны – мынау. Бұған күлмегенде не істерсің?! Шіркін, Кеңшіліктің мұндай қызық қылықтары көп болушы еді-ау. Біразын баспасөзге жариялаған кездерім де болды.

ҚазМУ-ден бір кіріп, бір шығып ұзақ жыл оқыдық. Бір күні Кеңшілік:

– Серік Сәрсенович (кейде әдейі солай сөйлейтін), сені құттықтаймын! – деді.

– Не үшін?

– Оқуда озық болғаның үшін.

– Сондай қалай?

– Мен ҚазМУ-де – 12 жыл, сен – бақандай 13 жыл оқыпсың. Бір жыл болса да менен көп оқып, мықты білім алыпсың, – деп мысқылдайды ғой баяғы.

Сол ҚазМУ-ден алғашқы жылдары жиі шығып кетіп жүрдік. Сол Алматыда жүріп, қысқы сессияға қатысуға уақыт таппағанымызды айтсаңшы. «Қысқы сессияға қатыспады» деп оқудан шығарып жіберген қағаз келді екеумізге де.

Жазғы сессияға ілігу үшін әрекет жасап, деканатқа күнде барамыз. Маңына жолатпайды. Сол кезде жауапты хатшы – Темірбек Қожакеев. Кейін көп жылдар журфакта декан болып істеді ғой. Ол кезде Қожакеевтің жап-жас жігіт кезі. Жалындап тұр. Жанына жолатар емес.

– Бар, бар! Торғайыңа барып жұмыс істеңдер, кейін келесіңдер! – дейді.

Сонымен, оқуға қайта түсе алмай пұшайман күйде жүргенде, бір күні ұстазымыз, елдес ағамыз, осы күнгі қайраткер-жазушы, журналист Әбілпейіз Ыдырысов кездесе кетті.

Хал-жайымызды сұрап білген соң, бізге ақыл берді:

– Сендер бүйтіп сенделіп жүре бермеңдер. Ректорға кіріңдер. Ректор – торғайлық Асқар Закарин деген кісі, парасатты, білімді адам. Көпті көрген, Отан соғысына қатысқан.

Біз шошып кеттік:

– Ойбай, ректорға қалай кіреміз, деканаттың өзіне жолатпайды?

– Есебін тауып кіріңдер. Кірсеңдер болды, еңселерін түсіп шықпайды, қалайда қабылданасыңдар, – дейді.

Ректордың кабинетінің алды ығы-жығы адамнан босамайды. Бірі кіріп, бірі шығып жатыр. Кейде тіпті, қабылдау бөлмесіндегі былғары ұзын диванда кезек күтіп, қалғып-шұлғып отырған қарт кісілерді де көріп қаламыз. Біз сияқты «студенттерді» тіпті жолатпайды. Осы тығырықтан Кеңшіліктің бір ауыз сөзі алып шықты. Есік алдындағы хатшы қызға:



– Қарындас, Торғайдан кісілер келіп тұр деп хабарлаңызшы,–деді.

Хатшы қыз зып етіп ішке кіріп кетті де, бөгелмей қайта шықты.

– Торғайдан келгендер, кіріңіздер! – деді. Сол сәтте қолына бума-бума қағаз ұстаған, папка көтерген екі-үш адам қабаттаса кіре берген. Біз де солардың қапталымен кабинетке кіріп үлгердік. Ұзындығы атшаптырым кабинеттің түкпірінде ректор отыр екен. Бізбен бірге кірген кісілер қағаздарын сапырылыстырып көрсетіп жатты. Біз үлкен кабинеттің терезе жақ тұсында үш-төрт орындық тұр екен, соған жайғастық. Қағазды кісілер біршама алданып, өзара әңгімелесіп, асықпай шықты. Біз болсақ іргедегі үстелдерде сол күйі отыра бердік. Ректор жалғыз қалды. Бізге мойын бұрып, көзін де салар емес. Бір кезде ректор көзін жұмып біраз ойланып отырды. Еңгезердей, зор тұлғалы кісі екен. Сәл сұстылау көрінді. Өзімен-өзі сәл ойланып отырды да, бір кезде үстелдегі кішкене түймедей «кнопканы» басып қалды. Зың ете қалған дыбыспен ілесе әлгі хатшы қыз төбе көрсетті.

– Қайда әлгі торғайлықтарың, қайда?!

– Хатшы қыз апалақтап, сасып қалып, кейін шегіне берді. Сол кезде іргеде отырған Кеңшілік:

– Торғайлықтар, біз боламыз! – десін. Ректор бізге еріксіз мойын бұрды. Басы-аяғымызға барлап қарады да: – Қайдан келген балақайсыңдар?

Екеуміз қосыла:

– Торғайдан. – Торғайдан! – дестік.

– Қане, айтыңдар, шаруаларыңды тезірек!

– Біз зуылдата жөнелдік.

– Торғайда аудандық газетте істеуші едік. Қыс қатты болды. Аудандық партия комитеті науқанға керексіңдер,– деп бізді оқуға жібермеді (Әбілпейіз аға тура осылай деңдер деген).

Жаттап алған сөзімізді зуылдатып айтып шықтық. Ректор бізге мойын бұрмастан:

– Е, қыс қатты болды деңдер. Торғайда 3-4 жылдан бері су тасымай елді титықтатып тастады деп еді, биыл қалай болды?

– Биыл су қатты тасыды.

– Ағыл-тегіл, – деп қосып қойды Кеңшілік. Ректор мойын бұрмаған қалпы, көзін жұмып, ойға батып, толғанып отырды да:

– Сонда Торғайдың қай тарабынан боласыңдар? – деді.

Мен:

– Тосыннан! – дедім.

Кеңшілік:

– Қызбелденмін! – десін. (Қызбел Закириннің туған ауылы. Соны білген Кеңшілік әдейі айтып отыр). Ректор бізге мойын бұрды. Кеңшілікке қарап: – Қызбелде кімнің баласысың? – деді. Кеңшілік Қызбелде болмаған. Мүдіріп қалды. Мен аудандық газеттің тілшісі ретінде Қызбелде талай рет болғам. Сөзге мен араластым:

– Бұл Мұхтар Дәуеновтің баласы. (Ферма меңгерушісі. Қызбелге барғанда осы кісінің үйінде жатқанмын).

– Мұхтар, Мұхтар! – деп ректор бізге тағы да мойын бұрып. – Мұхтар Дәуенов, иә, ол бізге нағашы, ол да соғысқа аттанып еді, е, аман екен ғой...

– Иә, аман, жақсы жүріп жатыр.

Ректор түймедей «кнопканы» қайта басты. Хатшы қыз кірді.

– Шақыр, әлгі Қожакеевті.

Кеңшілік екеумізде зәре қалмады. Қазір ол бізді жамандайды. Кешікпей-ақ кіріп келді. Ректор кабинетінде отырған бізді көріп Қожакеевтің көзі атыздай боп кетті. Бірақ, сыр білдірмеді. Ректордың алдына барып отыра қалмай Қожакеев қаздиып түрегеп тұрды. Нәтінде асықпай сөйлейтін Асқар Закарин сөзді баяу бастап:

– Мына балалар менің туған жерімнің балапандары екен. Біздің ел шалғай ғой. Сонау Торғайдан жеткенше қысқы сессияға үлгіре алмай қалыпты. Оқудан шығарып жіберіпсіңдер. Енді осы балалардың оқуын қайтадан восстановить етіңдер! – деді.

Қожакеев ыршып түсті:

– Мен бұл балаларды жақсы білемін. Өздері өлең жазады. Анау үлкен ақындарға еріп, ресторанның маңынан шықпайды. Осы қулар қысқы сессия кезінде де осы Алматыда болды-ау деймін...

Біз жамырай сөйлеп:

– Жоқ, Торғайда болдық.

– Торғайдан жақында ғана келдік,–деп жатырмыз.

Қожакеев бізге қарап басын шайқады.

Ректор тағы сол жай сөйлеген қалпын бұзбастан:

– Тыңда, Темірбек, бұлар қалай болғанда да шалғай алыс ауданнан келіп тұр ғой. Бір тәужімін жаса! – деді. Қипалақтап қалған Қожакеев:

– Тізімді бекітіп жібердік қой, – деп қалды.

– Ештеңе етпес, маған қайта әкел.

Қожакеев бізге зілдене бір қарады да, зып етіп шығып кетті.

Отырып қалған бізге Закарин:

– Бар, барыңдар енді! – деді.

Ызаланып барған Қожакеевтің кабинетіне батылымыз барып кіре алсақшы. Біршама төңіректеп жүріп қалдық. Бір кезде Кеңшілік:

– Әйда кеттік!– деді.

– Қайда?

– Ресторанға.

– Не үшін?

– Оқуға түскеніміз үшін.

– Қайдағы түскен?

– Ректор айтқан соң, олардың орындамауға қақысы жоқ! Өздері шақыртып алады!

Ақыры Кеңшіліктің айтқаны келді. Бұл ҚазМУ-де алғашқы шыққан кездегі оқиға еді. Одан кейін, талай шығып, талай кірдік қой. Айта берсе, Кеңшілік туралы әңгіме ешқашан толастамас еді. Мен Кеңшіліктің азаматтығы мен ақындығы жайлы, өзі өмірден өткеннен кейін біраз басылымдарда ой толғаппын. Солардың бірінде былай деген екем: «Көзінің тірі кезінде де Кеңшілік өз тұрғыластарымен салыстырғанда кітап шығарудан кенже қалып, кенделік көрген емес. Замананың зардапты қайшылықтарына килігіп, қайшыға іліккен бірен-саран өлеңдері болмаса, жалпы, сол кездің өзінде оқырман ілтипатына іліккен Кеңшілік жырлары көп аса қиянат көрмей, қайшыға түспей, оқырманына түгел жетіп жатты. Қашанда кең сілтеп, кемел тыныстайтын. Кеңшіліктің әдеби сыннан да «әттеген-айы» аз болса керек».

Ақын үшін ең басты бақыт – оқырманның ыстық ықыласына бөлену. Кеңшілік осы бақытқа көзінің тірісінде ие болған санаулы саңлақтардың бірі.

Кеңшілік өзінің туған күні 6 маусымды дәлел етіп «Пушкин екеуміз бір күнде дүниеге келіппіз» деп мақтана сөйлейтін. Айтса айтқандай, Кеңшілік 1946 жылы 6 маусымда Ақшығанақ ауылына жақын, Торғай өзенінің бойындағы «Ешқырған» («Ешкі қырылған» деген сөз ғой) деген жерде дүниеге келген. Егер тірі болса, Кеңшілік те 70-ке толып, тойын тойлап жатар еді. Әйтсе де оның мәңгілік ғұмыры – артында қалған қазыналы шығармалары тірі күніндегідей талай тойдан артық және мәңгілік екені даусыз. Кеңшілік туралы толғанысымды өлеңмен түйіндегім келіп отыр. Ол тірі болғанда бұл өлеңім бәлкім, мақтау-мадаққа тола болар ма еді, енді міне, жазған жырым мұңлы сырға қарай бейімделе берді:

Ақсұңқардай сағат сайын
түлеген,
Ақын едің аузын айға білеген.
Зарланады көңілімнің гөй-гөйі,
Арналады тағы саған бұл өлең.

Бауырым ең.
Бала болып бірге өскен,
Тәуірім ең,
Дана болып тілдескен.
Жұлдыздарын бірге санап
Аспанның,
Асық атып,
Асау тайға мінгескен.

Көңіл қалмай
Аққудан да, тотыдан
Махаббаттың өлең ұрлап
отынан.
Құрдасым ең,
Қалжыңдасып қағысқан,
Сырласым ең,
Бір сыныпта оқыған.

Бал шараптың кермек дәмін
татысып,
Ашық күнде шығушы едік
шатысып.
Алматыда алшаң басып
жүрдік қой,
Алатаудың ақ жамбысын
атысып.

Талай жерге жете білген
батылы,
Қаз дауысты –
Қазағымның ақыны.
Биік қырға бірге шыға бергенде,
Мені тастап кете бардың
ақыры.

Көнбеуші едің жетекке де,
қамытқа.
Неге қидың, неге сыйдың
табытқа.
Өзің барып жатып алып
жұмаққа,
Мені тастап кете бардың
тамұққа.

Бүгін дүние,
Алас-күлес қарбалас.
Заман туды,
Жоққа – көнбіс,
Барға – мас.
Баяғыдай майлы сүйек
кемірмей,
Қорегіміз – шеттен келген
арзан ас.

Байқағаным –
Маған тықыр тақады.
Шалға айналдым,
жып-жылмағай сақалы.
Баяғыдай айта алмаймын
әніңді,
«Бурылтайдың» бұзылған соң
мақамы.

Баяғының әуені – жат,
күйі – жат.
Сен жатырсың жақсыларды
жиып ап...
Жердің бәрі кеткеннен соң
сатылып,
Төрден орын алып жүрген
досыңа,
Көрден орын бұйыра ма?..
Қиын-ақ!
Ақын досым!
Жан сырымды білдің бе?
Арулар аз, ұсынамын
гүл кімге?!
Алашапқын жанталасқан
заманда,
Өлуге де уақыт жоқ
бұл күнде!

adilet-gazeti.kz

(Соңы. Басы 1-бетте).

Шаһизада шайыр әкімдіктің ішіне кірмесе де, сыртынан барлап, жергілікті биліктің әулеті мен сәулетін салыстыра жүреді. Еңселі кеңселердің не қарекет қылатыны, не мақсат қоятыны маңайы мен маңдайынан-ақ белгілі. Арал жақты аралап қайтқан ақын өлеңінің мына бір шумағы – сол сезімталдығы мен суреткерлігінің көрінісі:

Әкімияттың тұғырынан,
Көзді алдайды қайым шағың:
Жардай атан жұмырынан,
Жұқпай өткен жайын шаһым.

Бірақ бұдан біздің кейіпкеріміз әкімдік жүйенің ішкі тынысынан мүлде хабарсыз адам екен деген ой тумауға тиіс. Ол – бейкүнә кейіпке еніп, бұйығып жүретін секілді көрінгенімен, пәленің бәрін білетін ақын. Жазған өлеңдерінде де кейбір әулекі әкімдердің бедерлі бейнесі көзге шалынады. Бұл олардың оспадарсыз әрекетін көріп, кәдімгідей кіжінеді («Айналаға әмірің-ді жүргізіп, Ақылды боп көріну де бір қызық!»), тіршіліктің тұрлаусыз екенін еске салады («Анда-санда сынайды екен бұл өмір, Азаматты ағаш атқа мінгізіп»), заманына сай адамның кескін-кейпін сынап-мінейді («Құзырында құлаққесті қауымың, Ахиллестей айдындап тұр дәуірің!»), аяқ астынан билікке жетіп, құбақандай құбылған парықсыз пенденің бетпердесін ашады («Әлпетіңнен кім екенің көрінді, Әкім болмай жүр екенсің, бауырым»). Ол мұнымен де шектелмейді. Әлгі әкімге өмірдің ащы сабағын ұқтыруға тырысады, түзу жолға түсіруге ниеттенеді («Ел-жұртыңның ертеңіне – ер кепіл, Ессіз даңқтың дақпыртына сенбе құр!»), адам баласына жасаған жақсылығың да, жамандығың да ертеңгі күні алдыңнан шығатынын айтады («Өңменіңнен өтіп кеткен сөздерің, Өзіңді іздеп табады, рас... Көр де тұр!»).

Соған қарамастан оның басын бағалаған, абыройын асқақтатқан әкімдер де болмай қалған жоқ. Алғаш жақынырақ жанасқан әкімі Бақберген Досмамбетов-тұғын. Қызылорда қаласының басшысы. Оған да жанасайын деп жанасқан жоқ. Реті солай келді. Бақберген ағаның орынбасары ретінде Шәкеңді жұмысқа шақырғанымызды жұрт біледі. Содан біздің әкімдік Қызылорда қалалық телекомпаниясының директоры Шаһизада Әбдікәрімовтің күніге бір соғып кететін тұрақты мекеніне айналды. Біресе әкімге барады, біресе, мені жағалайды. Жалпы, сол жылдарда Қызылорда арнайы экономикалық аймағының штабына айналған қалалық әкімдікке жиі келіп тұратын екі адам бар еді. Екеуі де шығармашылық адамы. Екеуі де екпінді. Екеуі де өлең жазады. Екеуінің де есімі «Ш» әрпінен басталады.

Біріншісі – Шайхыслам Серікбаев, еті тірі, ер көңілді ақсақал. Екпіні бет қаратпайды. Бұрын әжептәуір қызмет істеген. Қазіргі қызметі де ешкімнен кем емес. Тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының басшысы. Ірілі-ұсақты басылымдарға мақала жазып тұрады. Белгілі бір қордың сыйлығын иеленген. Газеттегі жарияланымдарының соңында сол сыйлықтың лауреаты екенін көрсетеді. Әкімдікке келген сайын төрт-бес мәселені төтесінен қояды. Әрқайсысын нығырлап тұрып түсіндіреді. Шайхыслам аға тау жыққандай алапат қимылымен бері қарай беттеп келе жатқанда, қалалық әкімдіктегілер етек-жеңін жинап отырады.

Қайсарлығы мен қыңырлығы жағынан бұл Шәкеңнен кем түспейтін тағы бір айбарлы ағам бар. Ол – «Боздақтар» кітабының басылымдарын құрастырушы, белгілі журналист Мырқы Исаев. Кезінде «Сыр бойы» газетін басқарған әйгілі бас редактор Ұзақ Бағаевтың өзі «Қырқың – бір төбе, Мырқым – бір төбе!», – деп сүйсіне сипаттаған қарымды қаламгер. Сол Мырқы ағам Шайхыслам аға бірқатар шаруа шешіп кеткен күннің ертеңіне әкімдіктің босағасынан аттайды. Әлеуетті әріптесімді есік алдынан қарсы алып, қолтығынан сүйеп, төрге әкеліп отырғызамын. «Иә, амансыңдар ма?», – дейді ол алдымен. Содан соң бірден келген жұмысына көшеді. «Мына «Боздақтарға» деп бөлген бөлмелерің тап-тар. Сыймай отырмыз. Отыр ғой ана Шайхыслам төрт бөлмені жайлап. Моланың бастығы...». Ескерткіштерді қорғау қоғамын айтқаны. Күліп жібере жаздаймын. Мұқият тыңдап, мінезді һәм жігерлі ағаларымның арасына жік салмайтын оңтайлы жол іздеуге тырысамыз. Бірақ өрлігі де, ерлігі де жетерлік Мырқы ағам әкімдіктің табалдырығын тоздыра бермейді. Ал Шайхыслам ағам көп ұзамай тағы да төбе көрсетеді. Елдің шаруасы... ердің шаруасы... жердің шаруасы...



АҚЫН мен ӘКІМ

Үлкен Шәкеңнен кейін әкімдікке ең көп бас сұғатын адам – кіші Шәкең – Шаһизада Әбдікәрімов. Оны жиі келесің деп кінәлай алмайсың. Өйткені күнделікті қызметінің өзі әкімдіктің бағыт-бағдарына байланысты. Әкімге кіреді. Бізге соғады. Содан кейін қалалық ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Ибадулла Құттықожаев пен қала әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Рүстемовтің қызмет бөлмелерінде біраз айналып қалады. Күнде осы. Сөйтіп ол да бірте-бірте ақындықтың аурасынан сытылып шығып, әкімдіктің әуресімен тыныстайтын болды.

Қызылорда қаласының әкімі Бақберген Досмамбетов оны еркелетудей-ақ еркелетті. Себебі, ағамыз сөз қадірін жақсы біледі. Баяғыда жас күнінде Мәскеуге оқуға аттанар алдында Қызылорда пединститутының филология факультетінде оқыған. Курстастары елге танымал ақындар – Надежда Лушникова мен Серік Сейітмағамбетов. Әйгілі Надежда апамның ел ішіне таралып кеткен «Бақберген-ау, Бақберген, Қызды көрсе, шап берген», – деген екі ауыз өлеңінің кейіпкері қарамағында қызмет істейтін қарымды ақынның жай-күйін қапысыз ұғатын. Ұғатын да оған қамқор көзбен қарайтын. Ізетті інісін үнемі қалжыңмен қажайтын.

Бірде «Жалын» журналына ғой деймін, Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың ұзақ сұхбаты жарияланыпты. Шартарапқа танылған Шықаңның «Қазір қазақ жұртында қандай тәуір ақындар бар?», – деген сипаттағы сауалына байланысты біздің Мұхаң бір топ шайырлармен бірге Шаһизада Әбдікәрімовтің есімін де атайды. Тек атап қана қоймайды. Ақын інісінің бірқатар өлеңдерін талдап, поэзиясының иіріміне мейлінше тереңдей түседі. Осыған орай атақты Айтматов та сөз сабақтап қояды. Сұхбаттың осы тұсын оқыған Бақберген ағам қатты риза болды. Шәкеңнің шын шайыр екенін білсе де, тап осылай шоң Шыңғыс пен мәрт Мұхтардың әсерлі әңгімесіне арқау болады деп ойлай қоймаған сыңайлы. Сонда да сөздің аяғын әдемі әзілге бұрып, әріптестерінің арасына тұздық тастайды:

– Бүгін Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың сұхбатын оқыдым. Жап-жақсы пікірлесіп отырған екеуінің әңгімесі біраздан соң бітіп қалады да, тақырыпты дереу өзгертіп, біздің Шаһизада туралы сөйлеседі...

Тағы бірде әкіміміз жиналыс үстінде қала телеарнасының жұмысына сын айтты. Жұмыстың тұралап жатқан тұстарын атап өтті. Шәкең басын төмен салып, тұнжырап отыр. Тұнжырамай қайтсін?! Шынында да, еңсені езіп, есеңгіретіп жіберетін ескертпелер айтылып жатыр еді. Бір кезде Бақберген аға телекомпанияның төрағасына қарап:

– Әй, сен, мен ұрысты екен деп, еріңді бауырыңа алып тулап кетіп қалып жүрме! Жұмысымыз жаңа басталып жатқанда масқара болмайық. Бәрібір өзіңнен басқа орныңа қоятын адамым жоқ! – демесі бар ма?

Бәріміз күліп жібердік. Ол, алдымен, сол әзілі арқылы шынында да ширығыңқырап отырған арқалы ақынды сабасына түсірді. Екіншіден, өзінің кеңдігін көрсетті. Үшіншіден, қарамағындағы қызметкерінің басын бағалайтынын анық аңғартты. Төртіншіден, шығармашылық адамына деген қадір-құрметін танытты. Біз соның бәрінен үздіксіз сабақ алар едік.

Шәкең екеуміз қалалық әкімдік жүйесінде қызмет істеген жылдарымызда талай жобаны жүзеге асырдық. Телекомпания жұмысын жолға қойдық. Жергілікті билік пен бұқаралық ақпарат құралдары арасында тығыз байланыс орнаттық. Әкіміміздің іскер басшы ретіндегі имиджін қалыптастырдық. Бірақ менің докторантураға кетуіме байланысты бір ғана бастаманы соңына дейін жеткізе алмадық. Біз ДБС деп аталатын еркін пікірталас клубын құруды жоспарлағанбыз. Бұл негізінде Демократия, Бизнес, Саясат деген ұғымдардың бас әріптерінен құралған атау еді. Түптеп келгенде, өзімізді қанаттандырып, зор сенім артып, талайдың қолы жетпейтін қызметтің тізгінін ұстатқан Досмамбетов Бақберген Сәрсенұлы деген ардақты азаматтың елеулі есімін тұспалдап тұрғанымыз жасырын емес-ті. Солай болған күннің өзінде мұны ешкім де дәлелдей алмайтыны анық. Тіпті әкіміміздің өзі де күдіктене қоймас еді. Бәрібір реті келмеді. Сәтті болар жобаны іске асырудың сәті түспеді. Біз кеткен соң ДБС-тің дыбысы да шықпай қалды.

Әлі күнге дейін жұрттың жадында жүрген тағы бір жобамызды ұмытып бара жатыр екенбіз. Қала әкімдігінің бастамасымен «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы...» деген ерекше кеш өткіздік. Бұл жолы Асқар Тоқмағамбетов атындағы Мәдениет үйінің сахнасына кәсіби әнші-күйшілер емес, түрлі мекеменің басшылары көтерілді. Көңілді кешті Қызылорда қаласының әкімі Бақберген Досмамбетовтің өзі ашты. Содан соң өнер додасы басталды да кетті. Сонымен, сол күні сахнаның сәнін келтірген кімдер дейсіздер ғой? Міне, қараңыз... Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Бақыт Есмағанбетов, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Аманкелді Жұматаев, облыстық «Кызылординские вести» газетінің бас редакторы Евгений Хан, Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің проректоры Амантай Шәріп, облыстық міндетті медициналық сақтандыру қорының директоры Аманхан Сәдуақасов, «Сыр шарабы» акционерлік қоғамының президенті Айтжан Әмірсейітов, «Яксарт» фирмасының президенті Аралбай Қозыбақов сынды өңірге кең танымал азаматтар өнер көрсетті. Ән де айтылды, гитара да шертілді. Өзге тілдегі әуендер де көрермендді баурады. Қысқасы, ешқайсысы да кәсіби әртістерден кем түскен жоқ. Жиылған жұрттың ықыласында шек болмады. Концерт бастан-аяқ таспаға түсірілді. Шәкеңнің телемаман ретіндегі тындырған ауқымды шаруасының бірі осы еді.

Сол күндер бүгінде сағынышқа айналды.

Тегінде, бұл тұстағы облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың да біздің кейіпкерімізге көзқарасы теріс болмағанын айтуға тиіспіз. Бекең Шаһизада Әбдікәрімов басқаратын қалалық телекомпанияның жұмысын үнемі оң бағалады. Кейін «Қоғам ТВ»-ға айналған кезде де қамқорлығын аяған жоқ. Бізге де, Шәкеңе де өзінің сенімді серігі Бақберген Досмамбетов командасының өкілдері ретінде құрметпен қарағаны рас. Менің «ТЭЦ құлаған қыс» деген эссемде баяндалғандай, жылу орталығының төбесі опырылып түскенде әзіл-шынын араластырып:

Қазандық оны біраз мазалады,
Орынын үш-төрт айдай тазалады.
Басқаша бір шешімнің
жөнін таппай,
Сержан мен Бауыржанды
жазалады, –

деп толғағанымыз болмаса, екеуміз де Бекеңнің алдынан кесе өтпедік. Оған деген ынта-ықыласымыз бөлек болды. Мемлекетшіл менеджер, қоғамшыл қайраткер, білікті басқарушы Бердібек Сапарбаевтың облыс әкімі ретіндегі алғашқы командасында қызмет істегенімізді мақтан тұтатынымыз анық.

Қызылорда облысын сәл кейінірек басқарған Икрам Адырбеков те Шаһизада шайырды жанына жақын тартты. Арқалы ақынның ешкімнің ұстанымына ұқсамайтын еркін ой-тұжырымдарына құлақ қоятын. Білім-білігін бағалайтын. Кейде қаптаған шаруасының арасынан өзі уақыт тауып, кейіпкерімізбен кездесіп, әсерлі әңгімеге өріс ашатын.

Ал енді нақ осы Икрам Адырбекұлынан соң облыс тізгінін қолға алған Мұхтар Құл-Мұхаммедтің жөні бөлек. Ол жас күнінен жасындай жарқылдап шыққан ширақ шайырды жақсы білетін. Шығармашылығымен де жете таныс еді. Журфакты жиырма екі жылда бітіргенінен де хабардар-тын. Баспасөз бен тележурналистикада айрықша із қалдырған әлеуетті әріптесін құрметтейтін. Сондықтан оған салғаннан қамқорлық көрсетті. Мәслихатқа жол ашты. Мемлекеттік марапатқа ұсынды. Жанына жақын тартты. Мұхаң оны кабинетіне шақыртып алып, сағаттап әңгімелесетін. Жалпы, Сыр бойындағы бүкіл қаламгерлердің абыройын асқақтатқан Мұхтар Абраруұлы Шаһизада ағасын да айрықша қадір тұтты. Руханият көшбасшысының ыстық ықыласына әбден разы болса керек, әкімдерге арнап жөні түзу өлең жаза қоймайтын қыңыр мінез шайыр ширығып отырып, мынадай өлең жазды:

Уай, Құл-Мұхаммедтің ұрпағы,
Ақыл мен сезім бұрқағы.
Атылып шығып шығанға,
Абырой-дәрпің шырқады.
Ауласы аулақ күпірден,
Абыздай бойын күтінген.
Алаштың арда бір ұлы,
Аузынан алтын түкірген.

Шынын айту керек, оған Мұхаңның әкімдігінен гөрі сыйлас іні-дос екендігі қымбатырақ еді. Азаматтығын ардақтады. Кісілігін кейіптеді. Тектілігіне тәнті болды. Көргенділігіне көңілі толды. Сосын төгілмей қайтсін?! Әрине, Шаһизада шайырдың Сыр өңіріндегі абырой-беделі бұрын да ешкімнен кем емес-ті. Мұхтардың аялы алақаны оны одан бетер биіктетіп жіберді. Баяғы билердің болмысы мен жыраулардың жосығы бойынша Мұхаң мен Шәкең Сырдың бойын жағалап, үнемі тізе қосып, бір-біріне кеңес айтып, ертелі-кеш бірге жүрді дей алмаймыз. Оған екеуінің де уақыты жоқ екені айдан анық. Бірақ олардың рухани тұрғыдан жақын болғанына бүкіл ел куә. Керісінше, ақын мен әкім бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысып баққан сияқты. Анда-санда кездеседі, әдебиеттің әңгімесін айтады. Мұхаңның оқымаған кітабы жоқ, миының мүйісінен кезкелген деректі суырып алып, ағыла жөнеледі. Бұл содан шабыт алады. Сол шабытының шәрбаты кеудесінен өлең болып құйылады. Іні-досының ірілігі тілінен төгілген толғамын кесек турамасына қоймайды. Базар бабасынша ой тербеп, семізін сөздің сөйлейтін Шаһизада ақын Мұхаң туралы мақамын былайша жалғайды:

Адалға ғана тиесі,
Алланың берген сыйы осы:
Аспаннан түскен кітаптың,
Жердегі жалғыз иесі!

Төбеңнен төніп тылсым көк,
Сұрайды сенен кімсің деп.
Ізіңе інжу іркіліп,
Ілесіп теріп жүрсін көп!

2008 жылы Оңтүстік өңірден Көксарай су қоймасын салуға шешім қабылданған кезде Сыр бойының жұртшылығы қарсылық білдірді. Әсіресе мәслихат депутаттары табандап тұрып алды. Биліктің дүмбісі төбеден төнгеніне қарамастан облыс әкімі Мұхтар Құл-Мұхаммед бірден халық жағына шықты. Үндеу әзірлеп жатқан депутаттармен бірлесіп, мәселені жан-жақты талқылауға қатысты. Ақыры, билік дегенін істеді. Көксарай салынды. Бірақ бұлар өз ұстанымдарының дұрыстығын дәлелдей алды. Әлі күнге дейін әдепкі пікірлерінен қайтқан емес. Сөйтіп, қиын-қыстау күндерде ақын мен әкім баррикаданың бір жағында болды. Талайды сарсаңға салған Көксарай тақырыбы ойға оралса, екеуі де күрсінеді. Әйтсе де, ақынның күрсінісі бөлек. Оның қапалы көңіл-күйі өлең болып өріледі, мұң болып төгіледі, шер болып сөгіледі.

Қилы-қилы заман көшкен,
Кең даламның тақыр шөлі.
Қанаттас ел жағаңда өскен,
Қақтап сауып жатыр сені.

Мен де отырмын ыңыранып,
Өшкен үміт. Өлі маңай...
Қусам ба екен құрық алып,
«Көксарайды» бері қарай...

Шәкеңнің алпыс жылдығы Қырымбек Көшербаев облыс әкімі болып тұрған кезде өтті. Ол да руханиятқа жақын адамның бірі ретінде шайырды шеттеткен жоқ. Алты алаштың ақындары бас қосқан тойға өзі арнайы келіп қатысты. Қорқытты қадірлеген әулеттің өкілі сол Қорқыт кесенесінің маңайында өмірге келген шайырға арнап, жүрекжарды сөзін айтты. Сол сәтте бүкіл Сыр жұрты: «Ақыны іздесе әкімін, Өзгеден көңілі қалғаны, Әкімі іздесе ақынын, Ақынның бақыты жанғаны», – деп сүйсінді. «Ақыны іздесе әкімін, Кеудеге қайғы-шер толғаны, Әкімі іздесе ақынын, Бұл елде береке болғаны», – деп тебіренді. Соған тәнті болған біз де әзілмен әрлеп сөз саптаған болдық:

Әкімдерден таба алмаса жарасым,
Ақын біткен батыратын қарасын.
Ал сен болсаң жақындатып келесің,
Ақиқат пен акиматтың арасын.

Бәрібір әкімдікке кіндігі байланып қалған жері жоқ. Шақырса, барады. Ортақ шаруаға жексе, тартына қоймайды. Ал өздігінен ешкімнің мазасын алмайды. Әкімге де, әркімге де салмақ салмайды. Қалай болғанда да, ол – әкімін іздеген ақын емес, әкімі іздеген ақын! Ендеше, іздегенде табылып тұрсын дейміз де...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

Қазақ, сатирасына қос қанат бітірген ҚАЛАМГЕР



Гүлдана БАЙДАНОВА,
әдебиеттанушы

Әдебиеттегі шынайы сатира — жай ғана күлкі шақырудың тәсілі емес. Оның міндеті — күлкінің ар жағынан қоғамның шын бейнесін көрсету. Сыртай қарағанда қарапайым, тіпті тұрмыстық сипаттағы оқиға болып көрінетін дүниенің астарына үңілгенде онда адам мінезі, әлеуметтік теңсіздік, билік пен бұқараның арақатынасы, ұлттық сана, рухани құндылық сияқты салмақты мәселелер бой көрсетуі тиіс. Осы тұрғыдан келгенде Бақытжан Советұлының шығармашылығының басты ерекшелігі — күлкі мен шындықты қатар ұстай білуінде. Қаламгердің шығармаларын оқығанда оның сатираны бір ғана жанрдың шеңберінде қарастырмайтыны байқалады. Ол прозада да, поэзияда да сатиралық ойлау жүйесін қалыптастырған қаламгер. Әңгімелерінде оқиға мен диалог арқылы күлкі тудырса, өлеңдерінде өткір ұйқас, тосын салыстыру, мысқыл, парадокс арқылы қоғамдық құбылыстарды нысанаға алады. Бірақ екі жанрдың түпкі мақсаты бір: адамды күлдіру арқылы шындықты бейнелеу.

Мәселен, қаламгердің «Мысығыңыз бар ма?» атты прозалық туындысы осы ерекшеліктің бір көрінісі. Шығарманың бастапқы ситуациясы өте қарапайым: қалада жер үйде тұратын кейіпкер тышқан мәселесінен құтылу үшін ауылдан мысық әкеледі. Мысық өз міндетін атқарады — тышқандарды қырады. Алайда тышқан біткен соң мысықтың өзі үй иесіне «масылға» айналады. Мұндағы күлкілі ситуация біртіндеп әлеуметтік астарға көшеді.

Басты кейіпкердің отбасы қарапайым тіршілік қамымен өмір сүріп жатыр. «Үйде мен ғана жұмыс істеймін» деген мазмұндағы сөздер арқылы автор бір отбасының тұрмысын ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік жүктеменің салмағын да сезіндіреді. Ал, оның сыныптасының мысыққа деген көзқарасы мүлде басқа әлемді көрсетеді. Ол мысығына арнайы тағам береді, дәрігер шақыртады, күтеді, серуендетеді. Тіпті оның мысығының күтіміне айына бір мың доллар кететіні айтылады. Осы жерде автордың сатиралық тәсілі анық көрінеді: екі үйдегі адам баласының жағдайы мен мысықтың жағдайы салыстырылады.

Кейіпкер өз балаларының қашан ойнап, қашан сабаққа барып, қашан ұйықтайтынын білмейтінін айтқанда, сыныптасының мысыққа соншалықты ерекше жағдай жасауы күлкілі көрінгенімен, оқырманның күлкісі бірден ащы ойға айналады.

Бұл — Бақытжан Советұлының сатирасының маңызды сипаты. Ол оқырманға:

«Мынау күлкілі екен» дегізіп алып, артынша:

«Бірақ мұның астарында біздің қоғамның шындығы тұр ғой» деген ойға жетелейді.

Әңгімедегі мысық — жай ғана мысық емес. Ол — адам құндылығының кей жағдайда тұрмыстық сән-салтанаттан төмендеп кетуінің сатиралық символына айналады. Автор осы тәсіл арқылы әлеуметтік айырмашылықты құрғақ публицистикалық баяндаумен емес, күлкілі тұрмыстық ситуация арқылы көрсетеді.

Шығарманың соңына қарай кейіпкер «мысыққа қарағаны үшін айына мың доллар төленетінін» естігенде есі шығып, сол мысықтың «күтушісі» болғысы келіп кетеді. Бұл тұста күлкі шарықтау шегіне жеткенімен, шығарманың әлеуметтік салмағы да ауырлай түседі.

Мысыққа қызмет көрсету — жұмыс. Адамға қызмет ету — тіршілік. Осы қарама-қайшылықтың өзі автордың сатиралық ойының өткірлігін көрсетеді.

«Үшем» — қуаныштың ар жағында-ғы қасіретті әжуалайтын туынды.

Бұл әңгімесінде де қаламгер күлкілі ситуацияны ауыр әлеуметтік мәселені ашуға пайдаланады.

Таңқыбайдың әйелі үш ұл туады. Көп жыл бала күткен отбасы үшін бұл сырт көзге үлкен қуаныш. Дәрігер сүйінші сұрайды. Таңқыбай қуаныштан жылап жібереді. Бірақ оның көз жасы қуаныштың емес, жауапкершіліктің көз жасы болып шығады. Өйткені оның төрт қызы бар. Отбасы жатақхананың тар бөлмесінде тұрады. Өзі жұмыссыз. Үш сәбиді енді қалай асырайтынын білмейді.

Осы жерде автор өте маңызды әлеуметтік парадокс жасайды: көп балалы болу — жеке адамның қуанышы ғана емес, қоғамның жауапкершілігі де.

Әңгімедегі кейіпкердің «енді үшемді қалай асыраймын?» деген жанайқайы арқылы демографиялық саясат, әлеуметтік жағдай, тұрғын үй, жұмыссыздық, көпбалалы отбасы мәселесі қатар көрінеді. Автор мұнда құрғақ үгітке салынбайды. Керісінше, диалогқа, тұрмыстық детальға, кейіпкердің ішкі күйзелісіне сүйенеді. Ал, «үшем дүниеге келген соң әкімдік те қарап қалмас» деген үміттің кейін ақталмауы — шығарманың ащы түйіні. Автордың сатирасы дәл осы тұста өткірлене түседі. Мемлекетке, билікке қатысты үміт пен шынайы өмірдің арасындағы алшақтық күлкілі детальдар арқылы ашылады.

Шығармадағы ең ауыр ойдың бірі — бала тууға шақыратын ұран мен сол баланы өсіретін әлеуметтік ортаның сәйкеспеуі. Демографиялық мәселені осылайша жеке отбасының тағдыры арқылы көрсету — қаламгердің прозалық суреткерлігінің тағы бір қыры.

«Талас тудырған Тараз» шығармасында автор сатиралық кеңістікті одан әрі кеңейтеді. Мұнда Тараздың өзі оқиғаның көркемдік орталығына айналады.

Басекеңнің қала қақпасындағы жазуға шүйілгуі, жаздың мағынасына өз түсінігімен қарауы, айналасындағы адамдармен диалогы — бәрі күлкілі.

Бірақ бұл күлкі бос күлкі емес. Қаламгер мұнда атаққұмарлықты, әдебиетке үстірт қарауды, өнер мен ақындықтың қадірін түсінбеуді, басшылықтың өзімшіл психологиясын әжуалайды.

Бақытжан Советұлының ақындарды бағалау өлшемі де сатиралық нысанаға айналады. Ол шынайы талант пен жасандылықтың ара-жігін ажырата алмайды. Біреуді халыққа танымал болғаны үшін, біреуді өзіне жақын болғаны үшін бағалайды.

Осы арқылы автор әдеби ортадағы парадоксты көрсетеді: нағыз талант пен атақтың, поэзия мен даңғазаның арасы кейде алшақ болып кетеді. Шығармадағы Тараз — жай ғана географиялық мекен емес. Ол автор үшін қоғамның шағын моделі. Қалаға қатысты күлкілі оқиғаның астарында өнерге деген көзқарас, басшылық психологиясы, қоғамдық талғам мәселесі жатыр. Сондықтан бұл туындыны жергілікті юмор деңгейінде ғана қабылдау аздық етеді. Оның әлеуметтік астары әлдеқайда терең.

Бақытжан Советұлының поэзиядағы сатиралық шеберлігін танытатын тағы бір ең өткір шығармаларының бірі — «Орден алдым, мінекей...».

Өлең бірден назар аударатын қарама-қайшылықпен басталады:

«Орден алдым мінекей...

Кеудемде тұр жарқырап.»

Кейіпкер орден алғанына масаттанады. Бірақ үйде балалар аш.

Балалардың бірі:

«Қарным ашты, әке», — дейді.

Әкесі болса:



«Міне медаль, орден бар», — деп жауап береді.

Осы екі репликаның өзінде тұтас бір әлеуметтік шындық бар. Бір жақта — марапат. Екінші жақта — нан.

Бір жақта — кеудеге тағылған жылтыр темір. Екінші жақта — баланың аш қарны.

Өлеңнің ең мықты тұсы — автордың осы қарама-қайшылықты ұзақ түсіндірмей, диалог арқылы көрсетуі. Баланың:

«Медаль... ішінде бірақ тамақ жоқ» деген мағынадағы жауабы өлеңнің барлық пафосын бір-ақ сәтте төңкеріп жібереді. Бұл жерде бала — қарапайым кейіпкер емес. Ол қоғамның ар-ұяты секілді.

Әкесінің орденге масаттанған әлеміне баланың аштық туралы сөзі қарсы қойылады.

Ал соңындағы:

«Әке қайда ойлайтын?!» деген сауал шығарманың әлеуметтік салмағын күшейтеді.

Қаламгер осылайша марапаттың өзін емес, марапат пен нақты еңбектің арақатынасын сынға алады.

Ал, қаламгердің «Патша ағзам жарлығы» — билік табиғатын мысал жанры арқылы ашатын шығарма. Арыстан барлық аңды жинап, шындықты бетке айтуды талап етеді. Оның ойынша, айналасындағылардың бәрі жалтақтап, өзіне тура қарай алмайды. Бұл — биліктің айналасындағы жағымпаздық мәселесінің классикалық көрінісі. Арыстанның:

«Шындықты айтпай болмайды» деген талабы бастапқыда жақсы ниет сияқты көрінеді.

Бірақ шығарма дамыған сайын осы талаптың өзі сатиралық сұраққа айналады.

Өйткені биліктің шындықты талап етуі мен шындықты көтере алуы — екі бөлек нәрсе.

Соңындағы аңдардың қайтадан бүкшеңдеп, бұрынғы қалпына түсуі осыны дәлелдейді. Автордың:

«Бұрынғысынан бетер бүкшеңдеп» деген түйіні өте дәл қойылған диагноз.

Яғни, жарлық өзгергенімен,«билік пен бағыныштылық психологиясы» өзгермейді.

Бұл — қазіргі қоғамға да ой салатын мәселе. Сатираның да негізгі күші осында: автор нақты бір адамның ғана мінезін емес, билік пен қоғам арасындағы психологиялық механизмді әшкерелейді.

«Домбыра мен скрипка» — ұлттық рухтың поэзиялық қорғаны» іспетті туынды.

Егер «Орден алдым, мінекей...» мен «Патша ағзам жарлығы» шығармаларында автордың әлеуметтік сатирасы алға шықса, «Домбыра мен скрипкада» ұлттық сана мен мәдениет мәселесі алдыңғы қатарға шығады. Өлеңдегі домбыра мен скрипканың диалогы — өте сәтті көркемдік тәсіл. Скрипка өзін Батыстың ұлы аспабы ретінде таныстырады. Шопен, Бетховен, Бах секілді әлемдік музыка алыптарын атап, өз биігін көрсетеді.

Ал домбыра:

«Мен өз ел,
Өз жерімде тұрмын ғой,
Қазақтың өлмес
Рухында жүрмін ғой»,

— дейді. Мұнда автор домбыраны жай музыкалық аспап ретінде емес, ұлттық рухтың көркем символы ретінде бейнелейді.

Өлеңнің келесі қабатында мәселе тіпті тереңдей түседі. Домбыра мен скрипканың әңгімесі өнердегі халықаралық мойындау мен ұлттық бағалаудың арақатынасын қозғайды. Домбыраның:

«Қазақтарда сіңбесе де еңбегім...» деген мазмұндағы өкініші — талантты өз елінің кейде дер кезінде бағалай алмауы туралы ой. Ал, соңында:

«Шыққан жерің Шығыста,
Қобыздан бастау алып,
Скрипка атанғаныңды ұмытпа!»

деген идея арқылы автор ұлттық өнердің тамырын еске салады. Бұл — жай мақтану емес,«өзгені мойындау мен өзін ұмытудың» екі бөлек нәрсе екенін айту.

Сондықтан «Домбыра мен скрипка» өлеңі ұлттық рухты қорғаған азаматтық пафосымен ерекшеленетін ғажайып туынды.

Бақытжан Советұлының басты ерекшелігі — қарапайым детальдан үлкен мәселе шығара алуы. Қаламгер шығармаларының басын біріктіретін ең басты ерекшелік — қарапайым ситуацияны әлеуметтік деңгейге көтеру. Анықтап айтар болсақ, «Мысық туралы» әңгіме — әлеуметтік теңсіздікке әкелсе,

«Үшем» туралы әңгіме — демографиялық және әлеуметтік жауапкершілік мәселесіне ұласады.

«Тараз» туралы шығарма — әдеби орта, өнер, талғам, басшылық психологиясын қозғаса, «Орден» туралы өлең — марапат пен адамның шынайы тұрмысын қарама-қарсы қояды.

Ал, «Арыстан туралы» мысал — билік пен жағымпаздық табиғатын ашса, «Домбыра мен скрипка» — ұлттық өнер мен рух мәселесін көтереді.

Демек, автордың шығармаларында күлкі — мақсат емес, құрал.

Оның күлкісі оқырманды бір сәтке көңілдендіріп қана қоймайды. Күлкі басылғаннан кейін оқырман терең ойға қалады. Бұл — сатираның ең биік қасиеттерінің бірі.

Бақытжан Советұлының тек «сатирик ақын немесе сатирик жазушы» деп бір ғана қырмен бағалау жеткіліксіз.

Ол — прозада да, поэзияда да сатиралық ойлау табиғатын бірдей игерген қаламгер.

Прозасында оның басты қаруы — диалог, ситуация, кейіпкер мінезі, тұрмыстық деталь. Поэзиясында — парадокс, мысқыл, қысқа реплика, өткір түйін, қарама-қайшылық.

Бірақ екеуінің түпкі әдісі бір. Ол адамды ұзақ үгіттемейді, қоғам бейнесінен бір көрініс көрсете отырып, оқырманды бір күлдіреді. Сосын сол күлкінің ішіне ащы шындықты салып жібереді. Міне, осы қасиет Бақытжан Советұлының шығармашылығын «қазіргі қазақ сатирасындағы өзіндік құбылыс ретінде» қарастыруға мүмкіндік береді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Бақытжан Советұлының шығармашылығына тән күлкі — жеңіл күлкі емес. Оның астарында әлеуметтік алаң, азаматтық жауапкершілік, ұлттық сана, адам тағдырына алаңдау жатыр. Қаламгердің суреткерлігі оның үлкен мәселелерді міндетті түрде үлкен оқиғалар арқылы көрсетуінде емес. Керісінше, ол мысықтың, баланың, орденнің, домбыраның, аңдардың, қала қақпасындағы жазудың өзінен қоғамның үлкен шындығын көрсете білуінде. Бұл — сатиралық суреткерге қажет аса маңызды қасиет.

Оның прозасы оқиғаны сөйлетсе, поэзиясы ойды шымшып оятады. Прозадағы диалогтары табиғи күлкі туғызса, өлеңдеріндегі қысқа қайырымдар әлеуметтік соққы жасайды. Бірінде кейіпкер арқылы, екіншісінде образ арқылы қоғам мінезін көрсетеді. Сондықтан, Бақытжан Советұлын «екі жанрда да сатираның тілін тапқан қаламгер» деуге толық негіз бар. Өйткені, автордың мақсаты — адамды күлдіру ғана емес, күлкі арқылы шындықты айту, сол шындық арқылы адамды ояту. Ал, нағыз сатираның тәрбиелік қуаты да, көркемдік құдіреті де осында.

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС

Төраға:
Қуанышбек БОТАБЕК

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)

Астана қаласы тілшілер қосынының жетекшісі:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН

Ержан УӘЙІС
ТҮРКСОЙ Бас хатшысының кеңесшісі
(Түркия)

Балжан АРИНОВА
(Астана қаласы мен Ақмола облысы)

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 663 50 55
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 2034.

КОКПАР ДО И ПОСЛЕ «ВСЕМИРНЫХ ИГР КОЧЕВНИКОВ»



Серик ЕРГАЛИ,
культуролог

Корни любого явления уходят глубоко в прошлое, поэтому оценивать его поверхностно нельзя. Появившиеся около десяти лет назад в Кыргызстане «Игры кочевников» стали заметным явлением не только для тюркского мира, но и в более широком культурном контексте. Фактически они обозначили новую парадигму — превращение традиционных игр и культурных практик кочевой цивилизации в современные международные спортивные и культурные форматы.

На этом фоне особенно интересна судьба кокпара — одного из наиболее известных традиционных видов конного состязания.

Кокпар как спорт существовал задолго до «Игр кочевников»

В Казахстане новые правила кокпара были утверждены еще в 1949 году. Тогда игру перевели на специальную площадку и придали ей командный характер. С 1958 года кокпар проводился на больших ипподромных аренах, а с 1990-х годов — на специализированных кокпарных полях.

Кыргызстан начал системно развивать современный формат этой игры значительно позже — с конца 1990-х годов, при активном участии режиссера Болота Шамшиева.

Это важное обстоятельство часто остается за рамками сегодняшних дискуссий. Кокпар не появился вместе с «Играми кочевников». Он имеет более длительную историю спортивной институционализации, особенно в Казахстане.

Что произошло в 2024 году?

В 2024 году в Астане состоялись V Всемирные игры кочевников. Первоначально было принято решение включить в программу только кокпар. В основе этого решения лежала позиция Всемирной конфедерации этноспорта: кокпар и кыргызский улак-тартыш (көкбөрү) рассматривались как один вид спорта, тогда как вопросы безопасности в формате көкбөрү оставались нерешенными.

Однако в том же году президент Кыргызстана специально прибыл в Астану с рабочим визитом и на встрече с К.К. Токаевым добился включения көкбөрү в программу Всемирных игр.

Последующие события показали, насколько серьезными могут быть последствия отсутствия единых международных правил и четкого спортивного арбитража. Матч сопровождался спорами и конфликтами между командами. Ситуация вокруг исполнения государственного гимна Казахстана также получила широкий общественный резонанс. В результате игра в кокпар была прервана примерно на 40 минут.

Этот инцидент вошел в историю Всемирных игр кочевников как крайне неприятный эпизод, получивший политический оттенок.

После этого провести следующие Игры кочевников должна была Узбекистан. Однако узбекская сторона, оценив возникшие обстоятельства и риски, отказалась от проведения мероприятия. В итоге инициатива вновь вернулась к Кыргызстану.

Политика — отдельно, кокпар — отдельно

Оставим политическую сторону вопроса и обратимся непосредственно к кокпару.

Здесь обнаруживается гораздо более серьезная проблема.

Полноценное официальное участие в международных соревнованиях невозможно без соответствующей национальной спортивной структуры. При отсутствии четких правил и ответственной спортивной организации проведение международных соревнований неизбежно сталкивается с проблемами.

Еще сложнее ситуация на международном уровне: до сих пор нет единой международной федерации, которая могла бы устанавливать обязательные правила для всех участников.

И здесь возникает принципиальный вопрос:

кто должен определять правила международного кокпара — государственные структуры, организаторы отдельных соревнований или независимая международная спортивная организация?

Пока единой системы нет, неизбежно возникают споры о правилах, судействе, безопасности и самом формате игры. Что парадоксально, многие команды, которые участвовали во Всемирных играх кочевников, не являются сборными, а просто частные группы, спешно создававшиеся по ходу.

Главная проблема — отсутствие единой спортивной системы

Парадокс заключается в том, что кокпар уже вышел на международную арену, тогда как необходимая спортивная инфраструктура еще не сформирована.

Для современного спорта недостаточно иметь традицию и отдельных сильных игроков. Необходима целостная система:



- постоянные команды;
- подготовленные спортсмены;
- специализированные спортивные лошади;
- тренеры;
- медицинское и ветеринарное сопровождение;
- единые правила;
- профессиональная система судейства;
- детско-юношеская подготовка;
- регулярные национальные соревнования;
- международная спортивная организация.

Пока эти элементы не объединены в единую систему, рассчитывать на устойчивые международные результаты невозможно.

В этом отношении кыргызская модель имеет очевидное преимущество: традиционная игра продолжает существовать в естественной социальной среде.

Кокпар в Казахстане: традиция есть, спортивной системы нет

В Казахстане кокпар особенно распространен на юге страны. Однако значительная часть традиционного кокпара существует преимущественно в формате праздничных и свадебных состязаний.

Такой кокпар нельзя автоматически считать современной спортивной системой.

Традиционный кокпар у нас сохраняется, но профессиональный кокпар как самостоятельная спортивная система до сих пор не сформирован и не прошел полной институционализации. Не хватает и специализированной инфраструктуры — в частности, полноценной спортивной арены, соответствующей требованиям современного кокпара.

Именно поэтому мы сталкиваемся с нехваткой не только спортсменов, но и специально подготовленных лошадей, тренеров, судей и детской спортивной школы.

Почему Кыргызстан оказался сильнее?

Есть еще один фактор, который редко учитывается.

В Кыргызстане традиционная сельская среда сохранилась значительно лучше. Дети с раннего возраста имеют возможность постоянно контактировать с лошадьми и участвовать в конных играх. Поэтому связь **«ребенок — лошадь — игра»** формируется естественным образом.

В Казахстане ситуация иная. Урбанизация и сокращение традиционной сельской среды привели к тому, что значительная часть городских детей практически не имеет опыта общения с лошадью.

Поэтому проблема заключается не только в отсутствии подготовленных лошадей. Необходимо формировать самого игрока и культуру конного спорта с детского возраста.

Что показала история последних лет?

Проблема совершенствования кокпара в Казахстане обсуждается уже давно.

Еще в 2016 году критика существующего игрового формата привела к отказу от некоторых элементов футбольной модели и возвращению к принципу, при котором каждая команда доставляет добычу в свой казан.

Позднее предпринимались попытки предложить концепцию дальнейшего совершенствования кокпара. Однако системной реакции на предложения специалистов не последовало.

В результате сегодня мы имеем парадоксальную ситуацию:

традиция есть;

интерес общества есть;

международный потенциал есть;

а современной спортивной системы нет.

Кокпар после «Игр кочевников»

Опыт 2024 года показал главное: кокпар уже нельзя рассматривать только как локальную традиционную игру.

Он вышел на международный уровень.

Следовательно, вопрос сегодня должен стоять не о том, чей кокпар «правильнее», а о том, **как создать современную, научно обоснованную и международно признанную систему кокпара.**

Для этого необходим последовательный переход:

исследование → научная модель → единые правила → технические стандарты → безопасность → подготовка спортсменов и лошадей → клубная система → национальная лига → международные соревнования.

Именно такой переход позволит превратить традиционное состязание в полноценный современный вид спорта.

Кокпар имеет для этого все исходные основания: глубокую историю, устойчивую культурную традицию и огромный общественный интерес.

Но теперь одной традиции недостаточно.

Сегодня вопрос стоит уже не о сохранении кокпара.

Вопрос — о его спортивном, культурном и международном будущем.

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2026-2027 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің бос қызмет орындарына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

(Лицензия: №KZ87LAA00015319)

Бакалавриат:
6В01110 - «Педагогика және психология»
6В01210-«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6В01310 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
6В01420-«Музыкалық білім»
6В01440- «Дене шынықтыру және спорт
6В01508-« Математика»
6В01521- «Математика-Физика»
6В01509-«Информатика»
6В01540-«Химия»
6В01545-«Химия-Биология»
6В01550-«Биология»
6В01560-«География»
6В01610- «Тарих»
6В01710- «Қазақ тілі және әдебиеті»
6В01720-«Орыс тілі және әдебиеті»
6В01730- «Шетел тілі: екі шет тілі»
6В01910-«Дефектология»
6В02110-«Дизайн»
6В04110-«Экономика»
6В04120-«Менеджмент»
6В04130-«Есеп және аудит»
6В04140-«Қаржы»
6В04150-«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6В04160-«Маркетинг»
6В04210 -«Құқықтану»
6В06126- «Информатика»
6В06138- «Ақпараттық жүйелер»
6В06130-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
6В06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
6В07110-«Электр энергетикасы»
6В07120-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
6В07310-«Сәулет»
6В07320- «Құрылыс»
6В07323-«Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі»

Магистратура:
7М01101-«Педагогика және психология»
7М01514-«Математика»
7М01520-«Информатика»
7М01540-«Биология»
7М01512-«География»
7М01610-«Тарих»
7М01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
7М01720-«Шетел тілі:екі шет тілі»
7М04140-«Есеп және аудит»
7М04209-«Құқықтану»
7М06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
7М07112-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

Докторантура:
8D01110-«Педагогика және психология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»

Қызметкерлер:
- Университеттің Стратегиялық жоспарлау және дамыту жөніндегі проректоры
– Факультет декандары
– Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы, әдіскерлері
– кітапханашы
- СМК маманы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім бастығы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім маманы
- Кафедра меңгерушісі
– маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы
– Тіркеу бөлімі (офис-регистратура) мамандары
– Әдістемелік кабинет секторының меңгерушісі
– Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бастығы, әдіскерлері

Қызметкерлерге қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

Біліктілікке қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес тәжірибесі бар
-ғылым кандидаттары, ғылым докторлары
-аға оқытушылар.
-оқытушылар
- PhD

Профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Жалақы келісім бойынша. Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.
Байланыс телефоны: 8 (7252) 95-25-98.
e-mail: otdelkadrov.kipudn@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2026 жылдың 03 шілдесінде қайтыс болған **Тасбулатов Ибадулла Оскенбаевичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2026 жылдың 04 шілдесінде қайтыс болған **Косибакова Асия Абралиевнадан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

1994 жылдың 17 қарашасында қайтыс болған **Өтеген Әсем Өтемісқызыдан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Мельников Юрий Борисович**, дата смерти: 29 мая 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Шалбаев Еркин Алмаханбетович**, дата смерти: 28 июля 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Самченко Галина Анатольевна**, дата смерти: 11 февраля 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Шихалеева Галина Георгиевна**, дата смерти: 12 марта 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Труфанова Галина Сергеевна**, дата смерти: 13 апреля 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Картамышева Анна Кирилловна**, дата смерти: 18 марта 2003 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.